



**ANADOLU  
EFES**

2023 ЖЫЛ ҮШІН  
ЖИЫНТЫҚ ЕСЕП

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЫҚ  
ҚАДАММЕН:

**Біздің тұрақты  
даму жолымыз**



# МАЗМҰНЫ

5	<b>ЕСЕП ТУРАЛЫ</b>	42	<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІП ПЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ АРҚАСЫНДА ӨСІМ</b>	75	<b>МАҚСАТ - ҚОРШАҒАН ОРТАҒА НӨЛДІК ӘСЕР ЕТУ</b>	102	<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>
7	Бас директордан хабарлама					103	1-қосымша: Тиімділік көрсеткіштері
		43	Экономикалық өсім және әсер ету	76	Энергия және шығарындылар	103	Anadolu Efes Сыра өндіру бойынша компаниялары тобының экологиялық тиімділігінің көрсеткіштері
		45	Инновациялар, өнімді әзірлеу және сапа	80	Суды тұтыну және қауіпсіздік		
9	<b>ANADOLU EFES ӘЛЕМІ</b>			82	Өндіріс кезеңділіктері және қалдықтары		
10	Anadolu Efes қысқаша шолуы	48	Біздің кәсіпкерлер әлемімен байланысымыз	84	Экологиялық қаптама	105	Anadolu Efes Сыра өндіріс бойынша компаниялары тобының әлеуметтік тиімділігінің көрсеткіштері
12	Біздің географиялық қатысуымыз	52	Клиенттермен қатынастар және оларды басқару	85	Жеткізулер тізбегі және тұрақтылық	108	2-қосымша: Мүдделі тұлғалармен байланыс
13	Біздің құндылықтар тізбегімізді жасау кезеңдері	54	Цифрлық трансформация		Біздің қызметіміз және одан арғы жұмыс бағыттарымыз туралы қысқаша ақпарат		
14	Біздің индекстер бойынша көрсеткіштеріміз	56	Біздің қызметіміз және одан арғы жұмыс бағыттарымыз туралы қысқаша ақпарат	88	<b>ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗБЕН БІРГЕ КҮШТІРЕК БОЛАМЫЗ</b>	112	3-қосымша: Қауымдастықтарға және бастамаларға мүшелік
15	2023 жылдың басты оқиғалары					113	4-қосымша: Марапаттар
16	Стратегиялық бағыттар					114	5-қосымша: Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша БҰҰ қағидааттары (БҰҰӘҚМК)
17	Біздің қызметіміздің трендтері мен шарттары	57	<b>БІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛЫМЫЗДЫ АРТТЫРУ</b>	89	Теңдік, әртүрлілік және жұмылдыру	115	6-қосымша: SASB қамту индексі
19	<b>БОЛАШАҚТАҒЫ+1 ҚҰҢДЫЛЫҚ</b>			90	Жыныстар теңділігі	116	7-қосымша: WEF мүдделі тараптары капитализмінің қамту индексі
				92	Жастардың еңбек қызметіне қатысуы		
		58	Әлеуметтік инвестициялар және ықпал			117	8-қосымша: GRI қамту индексі (Есептілік жөніндегі жаңанды бастама)
20	Басшылық	59	Экотуризм	94	Персоналды дамыту және басқару	126	9-қосымша: Түркияның тұрақты есептілік стандарттарына сәйкестік кестесі (TSRS)
21	Корпоративтік басқарудың біріктірілген құрылымы	62	Ресурстарды үнемдейтін егіншілік				
22	Біздің директорлар кеңесіміз	64	Мәдениет және өнер	94	Жұмыстың тиімділігін бағалау		
25	Компанияның басшылығы	66	Экологиялық хабардарлық	95	Қызметкерлерді оқыту	127	10-қосымша: Тәуелсіз сараптама есептері
27	Тұрақты даму саласындағы біздің моделіміз	68	Жауапты тұтыну	97	Қызметкерлердің тілдесуі және қатыстыру		
		70	Волонтерлік қызмет			131	11-қосымша: Кредиттер
28	Тәуекелдерді біріктірілген басқару	71	Халықтың қолайсыз жағдайдағы тобын қолдау	98	Қызметкерлердің денсаулығы, қауіпсіздігі және амандығы		
32	Біздің кешенді ойлауға тәсілдемеміз	72	Спортты қолдау				
32	Кешенді ойлаудың әсер етуіне тәсілдеме	73	Біз +1 ынтымақтастық алдық	100	Этика және адам құқықтары		
34	Материалдық аспектілерді талдау	74	Біздің қызметіміз және одан арғы жұмыс бағыттарымыз туралы қысқаша ақпарат	101	Біздің қызметіміз және одан арғы жұмыс бағыттарымыз туралы қысқаша ақпарат		
41	Құнды жасау моделі						

# РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ 100\*-ЖЫЛДЫҚ ӨМІРІНІҢ 64 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Біз – осы жерлерде туып өскен, Түркияның күшімен, осы жылы 100-жылдығын атап өткен Республикамыздың құндылықтар, және Республикамыздың негізін құрушы, Мустафа Кемаль Ататюрк қағидаттары тұрғысынан әлемге ашылатын брендпіз.

Біз Түркия, Ресей, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Орталық Азия және Таяу Шығыс елдері кіретін ауқымды аумақта еңбек етеміз..

Біз, Anadolu Efes бола тұра, өнімімізде атауымыздың күшін көрсетеміз, және біз күшті сыраның және алкогольсіз сусындардың брендтерінен тұратын өнімнің кең сұрыпталымы арқасында көптеген елдерде нарықта көшбасшылықты сақтадық. Өндірістің көлемі бойынша біз Еуропадағы және әлемдегі ең ірі сыра компанияларының бірі болып табыламыз.

Мән-жайларға қарамастан, еліміздің және халқымыздың күшімен, біз қолдайтын ортақ сипаттамалармен және ортақ құндылықтармен, тұтынушыларымыз бізге білдіретін сенім мен сүйіспеншілікті сақтай отырып, Республикамыздың жаңа ғасырында біздің болашақ мақсаттарымызға қол жеткізуді жалғастырамыз.



# Біздің шабыттандыратын тарихымыз

Миллиондаған тұтынушыларға сыраны жеткізіп, біз өз қызметіміздің ғана емес, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғалардың қызметін қамтитын, құндылықтарды жасау тізбегінің әрбір кезеңі үшін жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз. Осы міндеттемені өз мойнымызға алып, біз тұрақты болашақ үшін +1 құндылықты жасауға ұмтылып, құндылықтарды жасаудың бүкіл тізбегіне біздің оң әсер етуімізді күшейтуге тырысамыз.

Біз шикізатты өндіру кезінде тұрақты ауылшаруашылық тәжірибелерін енгізуден бастап және уытты өсіру және сыра ашыту процестеріндегі экологиялық көрсеткіштерді жақсартумен аяқтап, әрбір қадамымызда құндылықтарды жасау тізбегінен шабыт аламыз. Біз экологиялық қаптаманы жасау бойынша бастамаларды іске асырамыз, дистрибуция және логистика саласында экологиялық тасымалдарды жоспарлаймыз және біздің клиенттерімізді жоғары сапалы және сенімді өніммен қамтамасыз етеміз.

2023 жыл үшін жиынтық есепте біз құндылықтарды жасау тізбегінің әрбір кезеңінде не нәрсеге көңіл аударатынымыз және осы кешенді тәсілдемеден үнемі шабыт алып, біріктірілген перспективамызды қалай кеңейтіп, тереңдететініміз жайлы егжей-тегжейлі айтып береміз.





# Есеп туралы

2010 жылдан бастап біз тұрақты даму саласындағы қызметіміздің нәтижелері және осы салада біз қолданған қадамдар туралы ашық хабарлаймыз. Биылғы жылы біз екінші мәрте тұрақты дамудың біздің корпоративтік стратегиямызбен және бизнесті жүргізу тәжірибесімен қалай араласатынын бұдан да көрнекі түрде көрсетуге арналған жиынтық есептілікті құрастыруға ауысамыз.

Осы екінші жиынтық есепте біз барлық мүдделі тараптарға біз жыл ішінде жасаған құндылықтарымыз туралы, сондай-ақ біз іске асырған мақсаттарымыз бен жобаларымыз туралы айтып береміз.

## ОСЫ ЖЫЛЫ БІЗДІҢ ЕСЕБІМІЗДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ БАР?

Осы жылы біз кешенді ойлау жолында бұдан да батыл қадамдар жасаймыз. Сіз есебімізде көретіндей, біз қос материалдылық қағидатын ескере отырып материалдық аспектілердің талдауын қайта қарадық. Бұл процеске біздің қаржылық және қаржылық емес тәуекелдеріміз және мүмкіндіктеріміз туралы мүдделі тараптардың пікірлерін жинау кіреді. Біздің тәуекелдерді басқаруға кешенді тәсілдемізге енгізілген жетілдірулердің арқасында, біз тәуекелдердің матрицасын жасай алдық.

Біз IFRS S1 - Тұрақты дамумен байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын талаптар, және TSRS S1 - Тұрақты дамумен байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын талаптар стандарттарын қабылдап, алға ілгері жылжыдық. Бұл 2023 жылдың соңында қолданысқа енгізілген және Түркия үшін бейімделген стандарттар тұрақты даму саласында есептілік стратегиясын басқару және әзірлеу үшін біздің жол картамыз ретінде қызмет етеді. Бұл бізге тұрақты дамумен байланысты тәуекелдеріміз бен мүмкіндіктеріміздің қаржылық әсер етуін жіктеуге мүмкіндік етті.

## ЕСЕПТІ ҚАМТУ АЯСЫ

Біздің есебімізге енгізілген ақпарат 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтиды және Түркияда, Ресейде, Украинада, Қазақстанда, Грузияда және Молдовада біздің барлық сыра қызметімізді (100%) қамтиды. Біз Ресейде және Украинада AB InBev компаниясымен қызметтесеміз.<sup>1</sup>

Біздің есебімізге сондай-ақ біз Coca-Cola İçecek A.Ş., біздің еншілес компаниямыздың шоғырландырылған қаржылық деректерін қостық.



[Сіз 2023 жыл үшін жиынтық жылдық есепте Coca-Cola İçecek A.Ş. тұрақты компаниясының тұрақты даму стратегиясымен және қызметінің нәтижелерімен таныса аласыз.](#)

<sup>1</sup> Компанияның 19 желтоқсандағы Ақпаратты жария ашу платформасындағы (KAP) мәлідемесіне сәйкес, Efes Breweries International BV компаниясымен Ресейдегі және Украинадағы AB InBev кәсіпорындарында қатысудың бақыланбайтын пакетін сатып алу туралы келісімге қол жеткізілді. Келісім тиісті органдардан барлық қажетті рұқсаттарды алуды ұйғарады. AB InBev Efes BV рұқсаттарды алу кезінде өзінің әдеттегі қызметін жалғастырады.

## ҚАҒИДАЛАР ЖӘНЕ СТАНДАРТТАР

2023 жыл үшін жиынтық есепте біз тұрақты даму саласында көптеген халықаралық бастамалар мен стандарттарға сілтеме жасаймыз.

*Біздің есебіміздің «Қосымшалар» бөлімінде сіз бізбен сақталатын және басшылыққа алатын стандарттардың тізбесімен таныса аласыз.*

### Стандарттарды сақтау

- GRI стандарттары (Есептілік бойынша жаңанды бастама)
- Тұрақты құн жасау бойынша «Мүдделі тараптардың капитализмі» WEF есептілік критерийлері
- SASB стандарттары - салалық
- TSRS S1 - Тұрақты дамумен байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар

### Жетекшілік стандарттар

- Жиынтық есептілікті жасау жүйесі
- БҰҰ тұрақты даму мақсаттары (ТДМ)
- IFRS S1 - Тұрақты дамумен байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар
- IFRS S2 - Климатпен байланысты ақпаратты ашу

Біздің есебімізде сондай-ақ біз қол қойған БҰҰ су жөніндегі ЖШ мандаты және БҰҰ Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі қағидаттары (ӘҚМК) шеңберіндегі прогресіміз көрсетілген.




[Біздің Түркияның Капитал нарықтары жөніндегі кеңесінің тұрақты даму қағидаттарына сәйкес жауаптарымызды 2023 жыл үшін Жылдық есептің 188-198 беттерінде табуға болады.](#)




### ТӘУЕЛСІЗ САРАПТАМАНЫ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Өткен жылдардағыдай, биылғы жылы біз елдегі қызметімізді және жеке деректерді тексеру үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуды жалғастырдық. 2023 жылы тәуелсіз сараптама шеңберінде:

- 1-санатты және 2-санатты жылыжайлық газдардың шығарындылары: Түркия, Грузия, Молдова
- 3-санатты жылыжайлық газдардың шығарындылары: Түркия - Сатып алынған тауарлар мен қызметтер
- Суды тұтыну: Түркия, Грузия, Молдова, Қазақстан
- Ерлер мен әйелдер арасында еңбекақы төлеу алшақтығының коэффициенті: Түркия, Грузия, Молдова, Қазақстан

 Деректердің тәуелсіз сараптамасы туралы есептерді сіз осы есепке қосымшаларда «Тәуелсіз сараптаманы жүргізу туралы есептер» бөлімінде таба аласыз.

Біз AB InVeV компаниясымен қызметтесетін ресейлік және украиналық кәсіпорындар туралы деректер AB InVeV ақпараты шеңберінде тексеріледі.

 Біздің қағидаларымын мына жерде танысуға болады.

### ЕСЕПТЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН КӨРСЕТКІШТЕР



Ауыл шаруашылығы



Өңдеу



Сыра ашыту



Қаптама



Дистрибуция және логистика



Сатулар



Тұтыну



Қаржылық капитал



Реляциялық әлеуметтік капитал



Өнеркәсіптік капитал



Интеллектуалды капитал



Адами капитал



Табиғи капитал



[2023 жыл үшін тұрақты даму туралы есебіміздің қысқаша мазмұнымен сіз мына жерде таныса аласыз.](#)



[2023 жыл үшін біздің жылдық есебімізден сіз мына жерде таныса аласыз.](#)



# Бас директордан хабарлама



КАН ЧАКАМЕН ЖӘНЕ  
ОНУР АЛТЫӨРКПЕН  
СҰХБАТТАСУ\*

## Онур Альтюрк

ЕГЕР 2023 ЖЫЛДЫ КЕШЕНДІ ОЙЛАУ КӨЗҚАРАСЫНАН БАҒАЛАСА, БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ БІЗДІң ТАБЫСЫМЫЗҒА ҚАНДАЙ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР СЕБЕПТЕСТІ?

## Кан Чака

Өзінің құрылу сәтінен бастап Anadolu Efes оның ДНҚ-нда тұрақты даму идеясы белгіленген компания болып табылады. Сыра ашытудан басқа, компания жергілікті дамуды қолдаудан бастап тұрақты ауыл шаруашылығына, қоршаған ортаға әсер етуді азайтуға және өзі жұмыс істейтін әрбір елдегі экожүйеде қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге дейін, әртүрлі салаларда жұмыс істейді.

Өткен жылы тұрақты дамудың компанияның іскерлік тәжірибесімен, стратегиялық бағыттарымен және мақсаттарымен тығыз біріктіру бойынша, сонымен қатар кешенді тәсілденің негізінде тұрақты даму процестерін басқару бойынша елеулі қадамдар жасалды. Биылғы жылы бұл тәсілдемені Anadolu Efes мәдениетіне бекітуге тартылған айрықша жобалар іске асырылды. Алайда егер мен ең маңызды факторлар туралы сұраққа жауап беретін болсам, мен жұмыстың тиімділігін одан арғы арттыру үшін мүдделі тараптарға құлақ асуды, олардан үйренуді және олардың пікірлерін пайдалану қажеттілігінің маңыздылығын атап өтер едім. 2023 жылдың соңында шамамен 100 мүдделі тараптың қатысуымен ұйымдастырылған «Anadolu Efes Stakeholder Meeting» іс-шарасын мысал ретінде келтіруге болады. Кездесуде Anadolu Efes кешенді ойлауы негізінде жатқан төрт бағыт талқыланды - қаржылық тәртіп және инновациялық тәсілдеме, қоршаған орта, қоғам және қызметкерлер. Кездесуде Anadolu Efes өзінің позитивті ықпалын қалайша күшейтетіні және компанияға барлық осы мәселелердің қалай әсер ететіні талқыланды.

Anadolu Efes табысының ең маңызды факторлары компанияның мүдделі тараптардың пікіріне құлақ асуына, олардан үйренетініне және олардың пікірін бағалайтынына негізделеді.

Мен атап өткен қадамдар біздің табысымызға себептесетін тағы бір факторды анықтады. Кездесу барысында мүдделі тараптардан алынған кері байланыстың арқасында, Anadolu Efes төрт негізгі бағыттармен және елеулі мәселелермен байланысты тіуекелдердің және мүмкіндіктердің қаржылық әсер етуін тиімді айқындай алды. Бұл қаржылық әсер етулермен қатар, экологиялық және әлеуметтік әсер етулерді есепке ала отырып, қос маңыздылықтың көзқарасынан біріктірілген ойлау шеңберінде маңыздылықты бағалауға, сонымен қатар бір жазықтықта экономикалық және қаржылық емес тіуекелдерді бағалауға мүмкіндік берді.

Биылғы жылы біздің табысымызға себептескен басқа факторлардың арасында - оның нәтижесінде брендтердің жалпы саны 50%-ға, ал біз өндіріске арналған лицензияларға және дистрибуцияға арналған құқықтарға ие болатын брендтердің саны 35%-ға өскен, компанияның өнім өндірісіне инновациялық тәсілдемесі. Сонымен қатар ішкі және сыртқы кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдау бизнес-процестердің қоғамдық, экономикалық және ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыруда шешуші рөл атқарды.

28 миллионнан астам түрік лирам ен бағаланатын инвестициялардың арқасында әлеуметтік бағыттағы 36 түрлі жоба 159 миллион адамға көмектесті.

\* Anadolu Efes Сыра өндірісі бойынша компаниялар тобының президенті лауазымын және Anadolu Efes бас атқарушы директорының (БАД) лауазымын атқарған Кан Чака мырза 2024 жылғы 1 наурыздан бастап, мансаптық өсу мүмкіндігін қарастыру үшін, біздің компаниямыздағы өз лауазымын босатуды шешті. Отставкадан кейін бас директор болып жұмыс істеген Онур Альтюрк тап сол күннен бастап Anadolu Efes Түркия Сыра өндірісі бойынша компаниялары тобының президенті және Anadolu Efes бас директоры болып тағайындалды.



«Бізді қызметкерлеріміз нығайтады» ұраны тек қана ұран болып қалған жоқ. 2023 жылы біздің 8218 қызметкеріміз үшін даму үшін тең құқылы, инклюзивті, ашық, әділ және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға бағытталған 34 жоба іске асырылды.

Бұдан басқа, 2030 жылға біздің қызметімізден болған шығарындыларының таза нөлдік деңгейіне қол жеткізу бойынша елеулі қадамдар жасалды. Біз энергияны тікелей және жанама үнемдеуге 578 миллион түрік лираны инвестицияладық. біз нерготімділік бойынша жобаларымыздың арқасында 5 431 МВт-с жыл сайынғы энерготімділікке және CO<sub>2</sub> шығарындыларын жылына 3 335 тоннаға қысқартуға қол жеткізуге ұмтыламыз. Бұдан басқа, Түркияда қуаттылығы 10,7 МВт жаңартылмалы энергия көздерге инвестициялардың арқасында біз жыл сайынғы CO<sub>2</sub> шығарындыларын 6 500 тоннаға қысқартуды көздейміз.

Қаржылық көрсеткіштерге қатысты болса, онда біздің шоғырландырылған таза пайдамыз биылғы жылы 22 128,9 миллион түрік лирасына жетіп, 43,8%-ға көбейді.

Біз бұрынғыша тұрақты дамуды біздің бизнес-стратегиямыздың ортасына қоюмыз және шараларды қолдануды жалғастырамыз. Цифрландыру, біздің негізгі қозғалтқыштарымыздың бірі, біздің тұрақты дамуымызға оң әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

Сатулардан болған шоғырландырылған таза түсім 3,1%-ға өсті. Осылайша, биылғы жылы қаржылық, сондай-ақ қаржылық емес көрсеткіштерде жақсартулар байқалды.

#### Кан Чака

ANADOLU EFES КОМПАНИЯСЫНДА МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ КӨМЕГІМЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЖАСАУ МӘДЕНИЕТІ БАР. ОСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАСАУ МӘДЕНИЕТІН ІЛГЕРІ ЖЫЛЖЫТУ ҮШІН ANADOLU EFES ЖАҢА БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ КҮН ТӨРТІБІНДЕ НЕ НӘРСЕ БОЛАДЫ?

#### Онур Альтюрк

Anadolu Efes компаниясында құндылықты және өз секторында +1 айырманы жасауға бағытталған мәдениет бар және де ол мүдделі тараптардың өз экожүйесімен бірге ұзақ мерзімді құндылықты жасайды. Біз 2030 жылға арналған мақсаттарға сәйкес жұмыс істеуді жалғастырамыз және осы мәдениетті сақтаймыз. Соның ішінде, біз дилерлерімізді, дистрибьюторларымызды және жеткізушілерімізді жеткізулердің барлық тізбегіне тарту бойынша күшімізді арттырамыз, сонымен қатар тұтынушылардың қажеттіліктерін есепке ала отырып, инновациялық өнімдердің көмегімен секторда өз позицияларымызды әрі қарай нығайтамыз. Мен құндылықты жасау шеңберінде компаниялармен қолданылатын қадамдардың экожүйенің мультипликативті әсерімен трансформациясына әкеп соқтырады деп санаймын. Біз осы салада күштерімізді кеңейтуге және белсендетуге ниеттенеміз.

Бұдан басқа, біз тұрақты дамуды бизнес-стратегиямыздың ортасына қоюды және шараларды қолдануды әрі қарай жалғастырамыз. Цифрландыру, негізгі қозғалтқыштарымыздың бірі, біздің тұрақты дамуға тәсілдемемізге оң әсер ететін басты фактор болып табылады. «Шығарындылардың таза нөлдік деңгейі» атты мақсатымызға ілгері жылжыған сайын біз жасанды интеллект технологияларының көмегімен үлкен деректерді түрлендіруге және саламызда бізді ерекшелеуге қабілетті жүйенің өміріміздің бөлігіне айналуына ұмтыламыз.

Инновациялық идеяларды және новаторлықты қолдайтын компания ретінде, біз қызметкерлерімізді, сондай-ақ мүдделі тараптарды ынталандыруды жалғастырамыз. Екінші тараптан, біз қоршаған ортаға әсер етуді бірмезетте азайту кезінде біздің әлеуметтік әсер етуімізді арттыру үшін, әлеуметтік-маңызды жобаларға инвестициялауды жалғастырамыз. Тиімділіктің басты көрсеткіштеріне қосымша түрде тұрақты даму қағидаттарына негізделген жобалардың санын арттыру біздің міндеттеріміздің біру, сонымен қатар біздің атқарушы басшылығымыздың міндеті болады.





ЕСЕП  
ТУРАЛЫ

ANADOLU EFES  
ӘЛЕМІ

БОЛАШАҚТА+1  
ҚҰНДЫЛЫҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТП ЖӘНЕ  
ИННОВАЦИЯЛАР АРҚАСЫНДА  
ӨСІМ

БІЗДІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕР  
ЕТУІМІЗДІ  
АРТТЫРУ

МАҚСАТ - ҚОРШАҒАН  
ОРТАҒА НӨЛДІК ӘСЕР  
ЕТУ

БІЗДІҢ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗБЕН  
БІРГЕ КҮШТІРЕК  
БОЛАМЫЗ

ҚОСЫМШАЛАР

БІЗДІҢ ШАБЫТЫМЫЗ

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ



# Anadolu Efes қысқаша шолуы

Біз салада 50 жылдан астам жұмыс тәжірибеміздің, компанияның қарқынды мәдениетінің және әртүрлі құзыреттіліктердің арқасында, 1969 жылы басталған жолымызда дамуды жалғастырамыз. Біздің сыра мен сусындар брендтеріміз бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамдарды біріктіреді.

43,05% үлесімізге ие болып, біз әлемдік брендтермен және трансұлттық компаниялармен серіктестік мәдениетіміздің, брендтік тұтынушылық тауарлар саласындағы тәжірибеміздің, ауқымды аймақтағы күшті өңірлік ойыншы ретінде жұмыс тәжірибеміздің, сонымен қатар сенімді корпоративтік басқарудың арқасында тұрақты тәсілдеменің көмегімен тиімділікті арттырып, өз қызметіміздің барлық салаларында қарқынды және салауатты есуді жалғастыратын Anadolu Компаниялары тобының бөлігі болып табылатынымызды мақтан тұтамыз.

Anadolu Group Компаниялары тобы «Анатолияны әлеммен және әлемді Анатолиямен байланыстыратын жұлдыз» қағидаты бойынша жұмыс істейді және шамамен 80 компанияға, 86 өндірістік қуаттылыққа, 6 ғылыми орталыққа және 95 000 астам қызметкерлерге ие болып, өзінің қызметін 7 секторда (сыра, алкогольсіз сусындар, бөлшек сауда, ауыл шаруашылығы, автомобиль жасау, кеңсе тауарлары және энергетика) және 19 елде жүзеге асырады.

## СЫРА ӨНДІРІСІ БОЙЫНША КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ

Біздің өніміміз түсетін әрбір өңірде біз сыра мәдениетіне өз үлесімізді қосамыз, ал инновациялық бастамалардың арқасында саланың дамуына себептесеміз.

2 2022/2023 жылдар үшін Барт есебі

3 Алкогольсіз сусындардың өндірісі бойынша топқа кіретін CCI компаниямыз туралы егжей-тегжей ақпаратты Coca-Cola İçecek 2023 жыл үшін жиынтық жылдық есебінде табуға болады.

4 2024 жылы CCI компаниясы Бангладешті өзінің қызмет географиясына қосып, Coca-Cola Bangladesh Beverages Limited (CCBB), сатып алуды аяқтады. Бангладеш қосылған соң CCI енді 600 миллион адамды құрайтын халыққа қызмет көрсетеді, 31 құю бойынша кәсіпорны бар және 12 елде жұмыс істейді.

\* 2024 жылы Anadolu Компаниялары тобы шамамен 80 компанияға, 90 өндірістік кәсіпорынға және 6 ғылыми орталыққа ие болып, шамамен 100 000 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп, 20-дан астам елде жұмыс істейді.

## Anadolu Efes 2023 ЖЫЛ ҮШІН ЖИЫНТЫҚ ЕСЕП

Жалпы алғанда біз Түркияны қоса алғанда, 6 елде 21 сыра ашыту зауытын, 5 уыт өндіру зауытын, 1 преформаларды өндіру бойынша кәсіпорынды және 1 құлмақты қайта өңдеу кәсіпорнын пайдаланамыз. 2023 жыл жағдайы бойынша біз өндіріс көлемі бойынша Еуропада 5-ші ең ірі сыра өндіруші және әлемде 10-ші ең ірі сыра өндірушісі болып табылатынымызға мақтан тұтамыз.

Егер халықаралық операциялар жайлы айтсақ, 2012 жылы біз әлемдік нарықта коммерциялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған тағы бір маңызды қадам жасадық және де SABMiller Plc («SABMiller») компаниясымен стратегиялық альянс құрдық. 2016 жылы, SABMiller әлемдегі ең ірі Anheuser-Busch InBev («AB InBev») сыра ашыту компаниясын сатып алған соң, AB InBev Anadolu Efes 24% акциясын иеленді.

Біздің сыра өндірісі бойынша халықаралық операцияларымыз Нидерландтарда орналасқан Efes Breweries International BV («EBI») еншілес компаниясы арқылы жүзеге асырылады.

Біздің сыра ашытуға новаторлық және инновациялық тәсілдемеміз бізге шетелде сатулардан түскен кірістердің үштен екі бөлігінен астам алуға мүмкіндік берді.

Біздің зерттеулерге және әзірлемелерге бейілділігіміз бізге сыраның тұтынушылардың өзгеріп жатқан артықшылықтарын көрсететін түрлі сұрыптарын тұрақты түрде жасауға мүмкіндік етеді. Адриатикадан бастап қытайға дейін біз әлеуметтік өмірді және сыра мәдениетін қамтитын және дамытатын бизнесті құрып, бүкіл әлемде ең ірі сыра компаниясы болу пайымдамамызға сәйкес ляззат пен шаттықты өндіруді жалғастырамыз.

## АЛКОГОЛЬСІЗ СУСЫНДАРДЫҢ ӨНДІРІСІ БОЙЫНША КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ <sup>3</sup>

Бұдан басқа, біз 50,3% үлеспен ішкі және халықаралық нарықтарда Coca-Cola қызметін басқаратын Coca-Cola İçecek A.Ş. («CCI») компаниясының негізгі акционері болып табыламыз. CCI Түркияда, Пәкістанда, Қазақстанда, Иракта, Өзбекстанда, Әзербайджанда, Қырғызстанда, Иорданияда, Тәжікстанда, Түркменстанда және Сирияда жұмыс істейтін, The Coca-Cola Company газдалған және газдалмаған сусындарын өндіретін, тарататын және сататын, сусындарды өндіру бойынша көп ұлттық компания.

Біздің CCI еншілес компаниямыз 11 елде жұмыс істейді, 30 құю бойынша зауыты, 3 жемісті қайта өңдеу кәсіпорны және 10 000 астам қызметкері бар, ал бұл оны өңірде ең елеулі ойыншылардың бірі етеді.<sup>4</sup>

CCI өнімнің сұрыпталымына газдалған алкогольсіз усындар, жеміс шырындары, спорттық сусындар, су, энергетикалық сусындар, суық шайлар және кофе кіреді. Халықты қамту бойынша CCI Coca-Cola жүйесінде 3-ші орын және сату көлемі бойынша 7-ші орын алады.





## Капитал және акцияларды иелену құрылымы

32.95%

Биржада  
акциялары  
бағаланатын  
компаниялар және  
басқа

43.05 Grubu %

AG Anadolu  
Holding A.Ş.

24.00%

AB InBev  
Harmony Limited

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ (түрік лирасы)	ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ (%)
AG Anadolu Grubu Holding A.Ş.	254 891 157	43,05
AB InBev Harmony Limited	142 105 263	24,00
Биржада акциялары бағаланатын компаниялар және басқа	195 108 843	32,95

## Біздің миссиямыз

Біз үлкен энтузиазммен және жауапкершілікпен қуаныш сыйлаймыз.

## Біздің пайындамамыз

Қоғамның және сыра мәдениетінің дамуына өз үлесін қосып, Адриатикадан бастап Қытайға дейін ең ірі сыра өндірушісі болу.

## Біздің құндылықтарымыз

### ЭНТУЗИАЗМ

Біз барлық істерімізді қызығушылықпен жасаймыз

### ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз жасаған істеріміз үшін жауаптымыз.

### ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Біз бірлесіп өсу үшін қызметтесеміз.

### Әділдік


Біз барлық шешімдерімізде және іс-әрекеттерімізде әділміз.

### ШИРАҚТЫҚ

Біз өзгерістерге жылдам ден қоямыз.



# Біздің географиялық қатысуымыз





# Біздің құндылықтар тізбегімізді жасау кезеңдері

Біз құндылықты жасау тізбегімізден шабыт алып, кешенді ойлау тәсілдемеімізді әзірлейміз. Біздің қаржылық және қаржылық емес стратегиялық шешімдерімізді қабылдап, біз құндылықты жасаудың 7-сатылы тізбегімізді өз қызметіміздің шеңберінде қараймыз. Тұтынушыларға біздің сыра өнімімізді ұсына отырып, біз тек қана өз қызметімізді ғана емес, сондай-ақ барлық тараптардың қызметін ұсынып, құндылықты жасаудың әрбір тізбегі үшін жауаптылықта боламыз. Осыны түсініп, біз болашаққа қосымша артықшылықтарды жасауға еңбек етіп, құндылықты жасау тізбегіміздің әрбір кезеңінде оң әсер етуді арттыруға ұмтыламыз. Біз шикізатты өндіру процесінде тұрақты ауылшаруашылық тәжірибелерін енгізуден бастап уыт өсіру және сыра ашыту процестерінде экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға, экологиялық қаптаманы жасау бойынша бастамаларды іске асыруға, дистрибуцияда және логистикада экологиялық тасымалдарды жоспарлауға және біздің клиенттерімізге жоғары сапалы және сенімді өнімді ұсынуға дейін - әрбір кезеңде құндылықтарды жасау тізбегімізден шабыт аламыз



Егістерден жиналған арпа және құлмақ кәсіпорындарымызда өңделеді және сыра өндіру процесінде пайдалану үшін сыра ашыту орындарына жіберіледі.

Егістерден жиналған арпа және құлмақ кәсіпорындарымызда өңделеді және сыра өндіру процесінде пайдалану үшін сыра ашыту орындарына жіберіледі.

21 сыра ашыту орнында біз әлемнің 6 елінде сыра өндіріп, қуаныш дайындаймыз.

Біздің ашытылған және сүзілген сырамыз бөтелкелерге, құтыларға құйылады және тұтынуға дайын кегаларға құйылады.

Біз тұтынуға дайын өніміміздің тұтынушыларға белгіленген өткізу арналары арқылы келіп түсуін қадағалаймыз.

315 дилер мен дистрибьютор арқылы біздің брендтеріміз әртүрлі сату нүктелерінде тұтынушыларға келіп түседі.

Біз жұмыс істейтін елдерде қызметіміздің және 70-тен астам елде экспорттың арқасында, біз миллиондаған сыра тұтынушысын қамтимыз.





# Біздің индекстер бойынша көрсеткіштеріміз

Біз халықаралық рейтингтік агенттіктердің индекстері арқылы мүдделі тараптарға және инвесторларға біздің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық көрсеткіштеріміз (ESG) туралы ақпаратты ашамыз. Біз осы индекстердің мәселелері мен әдіснамасын көрсеткіштерімізді жақсарту және осы платформаларда біздің істеп аяқталмаған жұмыстарымызды есепке алумен іс-әрекеттер жоспарын жасау әрекетіне нұсқаулық ретінде қараймыз.

Жылдан жылға, тәжірибе жинақтауымызға және ашықтықтың артуына қарай, біз осы индекстердің көмегімен тұрақты даму саласындағы қызметіміз тиімділігінің ең дәл және тиімді көрсеткіштерін айқындаймыз.

Өткен жылдармен салыстырғанда, 2023 жылы біз барлыққа жуық көрсеткіштер бойынша өз баллдарымызды көтердік, ал кейбіреулері бойынша бұрынғы деңгейді сақтадық. Біз ұйымдардың экологиялық көрсеткіштерін бағалайтын, әлемдегі ең беделді платформалардың бірі, климаттың өзгеруі бойынша бағдарламада өзіміздің былтырғы рейтингімізді сақтадық. Бұдан басқа, CDP (SER) жеткізушілерді қатыстыру рейтингінде біз B деңгейін сақтадық, ал бұл тағам өнеркәсібі және сусындар өндірісі бойынша орташа көрсеткіштен жоғары. Келесі жылы біз су қауіпсіздігі саласындағы сұрақтарға жауап беруді жоспарлаймыз, ал бұл өзгеріп жатқан CDP әдіснамасына сәйкес келеді.

Бұдан басқа, біздің MSCI-дағы көрсеткішіміз сала бойынша орташа деңгейден жоғары A деңгейде қалуда.

Тұрақты даму және экология, әлеуметтік сала және басқару саласында (ESG), компаниялардың қызметін бағалайтын S&P Global Corporate Sustainability Assessment әдіснама өзгеруінің арқасында біз S&P Global ESG көрсеткішімізді 45-ке дейін көтердік. Біз экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аясында сала бойынша орташадан анағұрлым жоғары орын алдық. Осы көрсеткіштің арқасында біз сыра ашыту саласының көшбасшылар санына кірдік.

Корпоративтік тұрақтылықтың тағы бір көрсеткіші ретінде біз Refinitiv компаниясымен бағаланатын Borsa İstanbul тұрақтылық индексіне енгізілдік. Былтырғы жылмен салыстырғанда біз 79 баллмен A деңгейін алып, осы платформада өз баллымызды көбейттік.




*Мүдделі тараптың пікірі*

**Мирхан Кероглу**  
**Түркияда CDP** жобасының жетекшісі

*Мүдделі тараптың пікірі*

*бар бейнені көру үшін  
басыңыз!*





## 2023 жылдың басты оқиғалары

Біз қаржылық тәртіптің және инновациялық тәсілдеменің арқасында дамимыз

### • Әлемдегі көлемі бойынша 10-шы

Сыра ашыту компаниясы

• Сыра өндіру бойынша компаниялар тобының таза пайдасының **35,2%**-ға көбеюі

• Сыраның сату көлемінің **5%**-ға көбеюі

**70** -тен астам елге экспорт

• **115** жаңа және жақсартылған өнім

Біз қоғамға пайда әкелу үшін жұмыс істейміз

### • 36 әлеуметтік бағыттағы жоба • 28,6 миллион түрік лирасы

әлеуметтік даму саласына бағытталған инвестициялар

Біз қоршаған орта үшін таза нөлдік шығарындыларға ұмтыламыз.

### • 578 миллионнан астам түрік лирасы сомасына энергияны тұтынуды қысқартуға әкелген жобаларға инвестициялау

• Энерготиімділік саласында **19** жаңа жоба

• CO<sub>2</sub>e **3 335** тоннаға шығарындыларды қысқарту жобаларының арқасында **5,431** МВтс энергия үнемдеу

Біз қызметкерлерімізбен бірге күштірек боламыз

• Қызметкерлерге бағдарланған **34** жоба

### • 12.7 миллион түрік лирасы

қызметкерлерді дамытуға инвестицияланды

Материалдық аспектілерге қос тәсілдеменің көмегімен материалдық аспектілердің талдауын жаңарту

Мүдделі тараппен кездесу-сұхбат арқасында  
**БОЛАШАҚТА +1 ҚҰНДЫЛЫҚ**

Тәуекелдерді басқару және қаржылық әсер етуді талдау жүйесіне тұрақты даму тәуекелдерін біріктіру



# Стратегиялық бағыттар

2023-2025 жылдарға арналған стратегиялық бағыттар негізінде жасалған кешенді ойлау құрылымы арқасында, біз қаржылық және қаржылық емес ресурстарымызды тиімді пайдалана отырып, стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізуде сенімді қадам басамыз. Өндірістік желгілдіру, жеңістер портфолиосы, персонал, географияны кеңейту және өсім сияқты стратегиялық салаларда мақсаттарымызға қол жеткізу, біз тұрақты даму, қаржылық тәртіп және цифрландыру саласындағы мүмкіндіктерімізді жылдамдату факторлары ретінде айқындадық. Құндылықты жасау тізбегінде капиталдың элементтері және стратегиялық бағыттар арасында байланыстарды орнатып, біз ресурстарды қажетті жобаларға бағыттауға және біздің болашақта +1 құндылықты жасау ұранымызға сәйкес тиімді нәтижелерде қол жеткізуге ұмтыламыз.

## Біз үшін қозғалтқыш рөлі нені білдіреді?

Корпоративтік мақсаттарға қол жеткізу және құндылықты жасау әлеуетін барынша көбейту үшін, біз қозғалтқыштар деп санайтын салалардың рөлдерін, олар біздің әрбір стратегиялық бағыттарымызды жеке-жеке қарамай, дамытуға себептесетіндей етіп айқындадық.

Біздің барлық қаржылық және қаржылық емес ресурстарымыз бен мүмкіндіктерімізді, атап айтқанда, тұрақтылықты, қаржылық тәртіпті және цифрландыру кезеңдерін көрсететін қозғалтқыштарымыз бізді кешенді ойлау әлеміне аударатын компоненттерді білдіреді.

Біздің стратегиялық бағыттарымызға сәйкес келетін үш қозғалтқышымызға бізге салада көшбасшылық позицияны алуға және қойылған мақсаттарға тезірек қол жеткізуге себептесетін мүмкіндіктер кереді.

Кешенді тәсілдемені қалыптастырып, үш қозғалтқышымыздың ерекшелігін пайдаланамыз және құндылықты жасау тізбегі кезеңдерінің көмегімен біздің стратегиялық бағыттарымыз арасында байланыстар орнатамыз.

### ЦИФРЛАНДЫРУ

- Клиенттермен мінсіз көп арналық өзара әрекеттесуді жасау
- Деректерді демократизациялау және деректерге негізделген бизнес-аналитиканы ілгері жылжыту
- Жасанды интеллектімен қолдау көрсетілетін мобильділіктің көп қырлы мүмкіндіктерін алу

### Тұрақты даму

- Біздің қызметіміздің нәтижесінде шығарындылардың таза нөлдік деңгейіне қол жеткізудің басты мақсатымен, құндылықты жасаудың бүкіл тізбегі бойынша қоршаған ортаға теріс әсер етуді қысқарту
- Қызметкерлеріміз теңдікті, инклюзивтілікті және әртүрлілікті түсінуімізді дамыту жолымен, өздерін құнды сезінген жерлерде жұмыс орнын қамтамасыз ету
- Әлеуметтік пайда әкелетін жобаларымыздың көмегімен біздің әлеуметтік ықпалымызды арттыру

### ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІП

- Пайдаға бағдарланған кірістердің өсуіне қол жеткізу
- айналым капиталын және инвестициялық шығыстарды тиімді басқару есебінен құндылықты жасау
- Нөлдік көрсеткіштер негізінде шығыстарды басқару есебінен тұрақты рентабельділікті қамтамасыз ету



### Жеңістер портфолиосы

Біз үлгілі білімдерді пайдаланып және ағымдағы нарықтық жағдайлар үшін оңтайлы инновацияларды енгізіп, тұтынушылардың қажеттіліктеріне бағдарланған портфолиомизды кеңейтуге ұмтыламыз. Біз сусындардың жоғары бағалық сегментінде және басқа да перспективалық санаттарында өсу үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге және көбейтуге ұмтыламыз. Біз жұмыс істейтін барлық елдерде біздің негізгі брендтердің күшін қолдай отырып, жолымызды жалғастыруға ниеттіміз.

### Ұйымдық жетілдіру

Біз сапа үшін залалсыз өндіріс және жеткізулер процестерінің үздіксіздігін сақтауға тырысамыз. Біз жеткізулер тізбегін басынан аяғына дейін үнемі жетілдіріп, өніміміздің құнын және тиімділігін тиісті басқаруға бірінші кезекті назар аударамыз.

### Адамдар

Біз қолда бар дарындарды ұстап қалуға ғана емес, сондай-ақ қызметкерлеріміздің жаңа дағдылар мен икемдерге оқытуға көңіл аударамыз. Қызметкерлердің біз жұмыс орындарында қамтамасыз ететін айрықша тәжірибесінің арқасында, біз жұмыс істейтін барлық елдерде жұмыс берушінің артықшылықты бренді ретінде танылуға ұмтыламыз.

### Географияны кеңейту және өсім

Біз игерілмеген географиялық аудандарда стратегиялық сатып алу және қосылу есебінен өсу жолында ілгері жылжуға ұмтыламыз. Біз сыраға деген құштарлығымызды қолымыз жететін барлық түпкір-түпкірге таратуға ұмтыламыз.





# Қызметіміздің трендтері мен жағдайлары

Біз жыл бойы жасайтын қадамдарды жоспарлап, Anadolu Efes жүйесіне және біздің өз бизнесімізді қалай жүргізітімізге әсер ететін жаңанды және салалық трендтерді бағалаймыз. Заманауи әлемде біз қаржылық емес, экологиялық әлеуметтік, сондай-ақ қаржылық емес үрдістердің бизнес әлеміне елеулі ықпал ететінін түсінеміз. Осы көзқарастан біз Anadolu Efes-пен қаржылық және қаржылық емес үрдістердің байланысын бағалауды, біздің құндылықты және стратегияны жасау әлеуетімізге олардың ықпалын талдауды, сонымен қатар бейімдеу бойынша шешімдерді әзірлеуді жалғастырамыз. Жыл бойы трендтердің әлеуетті ықпалын талдап, біз сондай-ақ Осы ықпалдардың болашақтағы бағыттарына қатысты болжамдар жасаймыз. Осылайша, біз жыл бойы және қысқа мерзімді перспективада ықтималды өзгерістерге бұдан да тұрақты болуға, және болашаққа деген жоспарларымызды бұдан да тиімді қалыптастыруға ұмтыламыз. Біз бизнесімізді заманауи әлемнің үміттеріне сәйкес дамытамыз және жүргіземіз. Осы жылдың талдауында біз секторға, сондай-ақ Anadolu Efes-ке ретінде тікелей ықпал еткен бес түрлі мегатрендті ерекшеледік. Біз осы трендтердің капитал элементтерінің есебінен құндылықты жасау әлеуетімізбен және біздің негізді стратегиялық бағыттарымызбен байланысты айқындадық. Біздің осы трендтерді дамытудың болашақ траекториясына қатысты болжамдарымызға негізделіп, біз оларды қысқа мерзімді перспективада іске асыра алатын шешімдердің қарқындылығын стратегиялық түрде жоспарлаймыз.

Трендтер	Болашақ трендтердің атаулары	Біз қалай әрекет етеміз
<p><b>КЛИМАТТЫҚ ДАҒДАРЫСТЫ ЖЕҢУ ҮШІН ШҰҒЫЛ ІС-ҚАЖЕТ</b></p> <p>2023 жыл жағдайы бойынша жаңанды шығарындылардың 88% шығаратын елдер шығарындылардың таза нөлдік деңгейінің нысаналы көрсеткіштерін белгіледі. Осылайша, биржада баға белгілейтін 1000-нан астам компания сондай-ақ өзінің алдына шығарындылардың таза нөлдік деңгейіне қол жеткізу мақсатын қойды. Климат өзгерісінің салдары, биоәртүрлілікті жоғалту және судың жетіспеуі бүкіл әлемде бұдан да айқын болғанына қарай, компаниялар ғаламшардың өзгермелі экологиялық жағдайларына бейімделуге мәжбүр болды. Климаттық дағдарыстың салдары өндірісте ғана емес, сондай-ақ құндылықты жасаудың бүкіл тізбегінде сезіле басталды, ал бұл климаттың өзгеруіне байланысты жедел бейімделу шешімдері қажеттілігін жасайды.</p> <p><b>КАПИТАЛДЫҚ ҚОЗҒАЛҒАН ЭЛЕМЕНТІ</b></p> <p><b>ҚОЗҒАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚ S - OE</b></p>	<p><b>Көбею</b> ↑</p> <p>Климаттың өзгеруімен күресуде шешуші рөл атқаратын экологиялық таза энергияға ауысу 2024 жылға қарай сыни меже ретінде қаралады. Келесі жылы әлемдік энергия өндірісінде жаңартылатын көздерден алынатын энергияның үлесі үштен бір бөліктен асып түсетіні күтілуде.</p> <p>1,5°C мақсатына қол жеткізу маңыздылығы күннен күнге өсіп келетіндіктен, ауылшаруашылық өндірісімен, сумен жабдықтаумен және жеткізулер тізбегі үшін экстремалды ауа райы құбылыстарымен байланысты тәуекелдер іскерлік әлем үшін бұдан да өзекті болады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Біз әсіресе Түркияда, жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялаймыз.</li> <li>• Біздің 2030 жылға қызметімізде шығарындылардың таза нөлдік деңгейіне» қол жеткізу мақсатымызға сәйкес біз энерготімділік және түрлендіру бойынша жобаларды іске асырамыз.</li> <li>• Құндылықты жасаудың барлық тізбегі бойынша біз қоршаған ортаға әсер етуіміз ең қарқынды болатын ауылшаруашылық өндірісіне, қаптамаға және логистикаға ерекше көңіл аударып, қоршаған ортаға әсер етуді азайту бойынша жобаларды жоспарлаймыз.</li> </ul>
<p><b>ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА БАҒДАРЛАНҒАН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР</b></p> <p>Климатқа бағдарланған және Еуропадағы «Жасыл мәміледен» басталған нормативтік актілер сондай-ақ Америкада және Азияда өзінің ықпалын күшейтеді. Осы өңірлерде жұмыс істейтін компанияларға ғана емес, сонымен қатар саудаға тікелей әсер ететін бұл нормативтік актілер компания өз қызметінің шеңберінде ғана емес, сондай-ақ жеткізулер тізбектерінде сақтауға тиісті қағдалар жиынын белгілейді. Сол арада қаржылық емес көрсеткіштер туралы ашық есептілік бойынша енгізілген міндеттемелердің оларды сақтауға және есептілікке қатысты компанияларға қарсы келеді деп күтілуде.</p> <p><b>КАПИТАЛДЫҚ ҚОЗҒАЛҒАН ЭЛЕМЕНТІ</b></p> <p><b>ҚОЗҒАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚ S - OE - FD</b></p>	<p><b>Көбейту</b> ↑</p> <p>2023 жылы біз ұзақ уақыт бойы әзірленген көптеген құқықтық нормаларды қолданысқа енгіздік. Жақын болашақта өнімді таңбалау және Еуропалық одақта жеткізулер тізбектеріне қатысты есептілікке қатысты маңызды нормативтік актілердің күшіне енуі күтілуде. Осы нормативтік актілердің бірте-бірте кеңейтіп жатқан қолдану аясы барлық салалардағы компанияларды тікелей қозғайды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Біз шығарындыларды қысқарту қажет салаларды айқындау үшін, қызметіміздің және құндылықты жасау тізбегі нәтижесінде шығарындыларды өлшейміз.</li> <li>• Қоршаған ортаға әсер етуді барынша азайту үшін, біз кәсіпорындармен және жеткізушілермен қолдау көрсетілетін, біздің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарымызбен бірлесіп жобаларды әзірлейміз. Біз күтілетін нормативтік актілерді жұмыс істейтін елдерде ғана емес, сондай-ақ экспорт елдерінде де мұқият қадағалаймыз.</li> </ul>

2024 жылға арналған 7 жаңанды үрдіс, Сарвант Сингх, Forbes, <https://www.f.orbes.com/sites/sarwantsingh/2023/12/11/15-global-trends-for-2024/>

WP: Жеңістер портфолиосы P: Адамдар

ГЕГ: Географияны кеңейту және өсім

OE: Ұйымдық жетілдіру

S: Тұрақты даму

D: Цифрландыру

FD: Қаржылық тәртіп



Трендтер

Болашақ трендтердің бағыты

Біз қалай әрекет етеміз

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰЛДЫРАУ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ

Экономикалық құлдырауға байланысты

Экономикалық құлдырауға байланысты әлемдегі шынайы ЖІӨ өсімі 2023 жылы әлемдегі нақты ЖІӨ өсімі 0,4%-ға дейін, ал әлемдік инфляция 7,7%-ға дейін өсті.<sup>8</sup> 2023 жыл іскерлік әлем үшін қиын жыл болды: экономикадағы рецессия, соңғы 30 жыл ішінде инфляция ең жоғары деңгейде және геосаяси ахуалдағы белгісіздік.

Барлық осы факторлар сондай-ақ тұтынушылардың және инвесторлардың сенімін әлсіретті. Қысқа мерзімді перспективада сатып алу қабілеттігіне тікелей әсер ететін осы проблемалар әсер етуді жалғастыратын болса да, орташа мерзімді перспективада экономиканың жаңанды қалпына келуі күтілуде.

КАПИТАЛДЫҚ  
ҚОЗҒАЛҒАН ЭЛЕМЕНТИҚОЗҒАЛҒАН  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
БАҒЫТТЫЛЫҚ FD - WP -  
GEG

Тұрақтылық



Экономикалық құлдыраумен және инфляцияның өсуімен тудырылған оқиғаларға байланысты, іскерлік әлем 2024 жылды абайлықпен бастады. Алайда инфляцияны бақылау және үкіметаралық инвестицияларды ынталандыру үшін ел деңгейінде қолданылған шаралар қысқа мерзімді перспективада әсерді тұрақтандырады деп күтілуде.

- Біз жаңа өнімдер, санаттар, қосымша артықшылықтарды жасайтын баға стратегиялары және клиенттердің үміттеріне сәйкес келетін, қызмет көрсетуге айрықша тәсілдеме есебінен өсуді жалғастырамыз.

- Біз географиялық қатысуды кеңейту жөнінде жұмыс жасаймыз.

## ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Іскерлік әлемде қызметкерлердің үміттері анағұрлым өзгерді. Қызметкерлер және жұмысқа кандидаттар енді компанияның қаржылық көрсеткіштеріне үлес қосуға қосымша түрде олардың этикалық стандарттарына қосылатын мекемелерді бағалайды. Қызметкерлердің амандығымен және жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгеріммен байланысты талаптарды қанағаттандыру дарындарды ұстап қалу және жаңа дағдылары бар адамдарды тарту үшін шешуші мәнге ие. Әлеуметтік және экологиялық пайдалар сияқты мәселелердің бұдан да айқын болғанына қарай, персоналмен жұмыс жөніндегі командалар осы күтілетін іс-әрекеттерді енгізе бастайды.

КАПИТАЛДЫҚ  
ҚОЗҒАЛҒАН ЭЛЕМЕНТИҚОЗҒАЛҒАН  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
БАҒЫТТЫЛЫҚ P

Азаю



Пандемия кезінен кейінгі заманда компаниялар қызметкерлердің өзгеріп жатқан, елеулі өзгерістерге ұшыраған үміттерін қанағаттандыруға бағытталған қадамдар жаса бастады. Келешекте жұмыстың жаңа модельдері, қызметкерлердің амандығымен байланысты шаралар және дарындарды ұстап қалуға бағытталған даму бағдарламалары компаниялардың стратегиясында толықтай біріктіріледі. Үміттердің толықтай сәйкестігіне әлі қол жеткізілмегендіктен, компаниялар күнкөріс үшін еңбек ресурстарының трансформациясына бейімделу қажеттілігін сезінеді.

- Біз қызметкерлеріміздің үміттерін нақты түсіну және олардың пікірлерін жинау үшін әртүрлі құралдарды пайдаланамыз.

- Біз қызметкерлерге өз-өзін жетілдіруге тырысатын салаларда даму мүмкіндігін ұсынамыз.

- Біз барлық кәсіпорындарымызда қызметкерлердің амандығы үшін жаңа жобаларды әзірлейміз.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ПАЙДАЛАНУМЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСС

Жасанды интеллектімен байланысты модельдер мен құралдарды бизнес-ортаға енгізу, сонымен қатар олардың цифрлық шешімдерді және инновациялық өнімдерді әзірлеудегі рөлін арттыру компаниялардың бір бірінен айырмашылығының негізгі факторына айналады. Зерттеулер ЖИ құралдарының нарықта салыстырмалы түрде жуырда пайда болғанына қарамастан, көптеген ұйымдардың ЖИ-ді тым болмаса бір бизнес-функцияда үнемі пайдаланатынын көрсетіп отыр. Жасанды интеллектіні пайдалану барлық деңгейлерде - компаниялардың басшылығынан бастап директорлар кеңестері отырыстарының залдарына дейін және барлық қызметкерлер арасында талқылау мәніне айналды.

КАПИТАЛДЫҚ  
ҚОЗҒАЛҒАН ЭЛЕМЕНТИҚОЗҒАЛҒАН  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
БАҒЫТТЫЛЫҚ D - OE

Көбеюі



2023 жыл, әлбетте, қолданбалы және нәтижелі жасанды интеллект жылы атанды. Таяудағы болашақта ЖИ модельдерін пайдалану құнын азайтуды және деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы проблемаларын шешудегі прогресті қоса алғанда, модельдердің өнімділігін тұрақты жақсарту ЖИ-ді іскерлік әлемде бұдан да тиімді етеді.

- Біз кәсіпкерлік әлемімен тығыз қызметтесеміз және инновациялық шешімдерді енгізетін кәсіпкерлерді қолдаймыз.

- Біз өнімділікті арттыру үшін цифрлық саланың және жасанды интеллектінің әлеуетін пайдалану үшін, цифрландыру бойынша жобаларға қатысамыз.

<sup>8</sup> Euromonitor, Euromonitor жаңанды тауекелдер индексі Ұлыбританиядағы, АҚШ-тағы және Еуроаймақтағы стагфляция туралы ескертеді.

WP: Жеңістер портфолиосы P: Адамдар

GEG: Географияны кеңейту және өсім

OE: Ұйымдық жетілдіру

S: Тұрақты даму

D: Цифрландыру

FD: Қаржылық тәртіп



ЕСЕП  
ТУРАЛЫ

ANADOLU EFES  
ӘЛЕМІ

БОЛАШАҚТА +1  
ҚҰНДЫЛЫҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ  
ИННОВАЦИЯЛАР АРҚАСЫНДА  
ӨСІМ

БІЗДІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕР  
ЕТУІМІЗДІ  
АРТТЫРУ

МАҚСАТ - ҚОРШАҒАН  
ОРТАҒА НӨЛДІК ӘСЕР  
ЕТУ

БІЗДІҢ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗБЕН  
БІРГЕ КҮШТІРЕК  
БОЛАМЫЗ

ҚОСЫМШАЛАР

БІЗДІҢ ШАБЫТЫМЫЗ

# КЕШЕНДІ ОЙЛАУ



# Басшылық




Директорлар кеңесі жанында жұмыс істейтін төрт комитет компания қызметінің өзекті мәселелерін қадағалайды және Директорлар кеңесі дұрыс шешім қабылдау үшін, өз құзыреттілігіне сәйкес, шешім қабылдайтын тұлғаларға ұсыныстар береді. Өз салаларындағы сарапшылардан тұратын атқарушы басшылығымыз стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізу, қызметіміздің үздіксіздігін қамтамасыз ету және ең маңызды шешімдерді қабылдау үшін жауапты болады. Компанияның басшылығы сондай-ақ тұрақты дамуды басқаруда ең маңызды рөл атқарады. Компанияның жоғарғы басшылығынан тиісті басшылар Жаһанды тұрақты даму жөніндегі комитеттің басқаруында әрекет ететін, қоршаған ортаны қорғау, персоналмен жұмыс істеу жөніндегі комитеттерге басшылық етеді. Жыл бойы шақырылатын Жаһанды тұрақты даму жөніндегі комитет Anadolu Efes тұрақты даму бағдарламасын бағалайды.

## БІЗДІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫМЫЗ

Қатысу географиясы кең әлемдік ойыншы бола тұра, біз стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ғана емес, сондай-ақ біздің әділдікке, ашықтыққа және есеп берушілікке негізделген корпоративтік табысқа деген тәсілдемемізге өзіміздің ұзақ мерзімді табысымыз үшін борыштармыз. Осындай тәсілдеме бізге барлық мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынастар орнатуға мүмкіндік етеді. Біздің корпоративтік басқаруға тәсілдемеміздің негізін заңнамалық нормалар және Түркия капиталының нарықтары жөніндегі кеңеспен реттелетін Корпоративтік басқару қағидаттары құрайды.

Корпоративтік позициямыздың сенімді және ашық болуының нышанына, 2008 жылдан бастап біз BIST корпоративтік басқару тізіміне кіреміз<sup>9</sup>. 2023 жылы жүргізілген бағалау нәтижесінде, біз корпоративтік басқару рейтингімізді 96,7 деңгейінде сәтті сақтадық.

 Осы бағыт шеңберінде дайындалған корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау туралы есепті сіз 2023 жыл үшін есебімізден табасыз.

Біздің біріктірілген басқару жүйеміз тұрақты дамуды басқаруды қоса алғанда, төрт деңгейден тұрады. Құрылымның шыңында болып, біздің Директорлар кеңесіміз қаржылық, сондай-ақ қаржылық емес саладағы сыни және стратегиялық мәселелерді нақты шешу үшін Anadolu Efes атынан жұмыс істейді.

<sup>9</sup> Тізімге кірген компаниялар SAHA Kurumsal Yönetim ve Kredi Derecelendirme A.Ş. (SAHA) жүргізген «Корпоративтік басқару рейтингі» зерттеуінің негізінде айқындалады.



### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ БІРІКТІРІЛГЕН ҚҰРЫЛЫМЫ


Біздің корпоративтік басқару құрылымымыздың шыңында Директорлар кеңесі орналасқан. Компаниямыздың ұзақ мерзімді табысын бақылап, Директорлар кеңесі барлық мүдделі тараптардың алдында өз жауапкершілігі шеңберінде кешенді корпоративтік саясатын қалыптастырады, компания дамуының стратегиялық бағытын айқындайды және ішкі байқаушылар ретінде жан-жақты үлес қосады.

,

Директорлар кеңесімен байланысты комитеттер арқасында, біз Кеңесімізден ақпараттандырамыз және Anadolu Efes компаниясына қатысты ең маңызды мәселелер бойынша пікірлер аламыз. Директорлар кеңесі жанындағы төрт комитет Директорлар кеңесі өз міндеттері мен функцияларын тиімді орындай алу үшін жұмыс істейді.

Біздің корпоративтік басқару құрылымымызда атқарушы функциялар бас директор басшылық ететін басшылар командасына жүктелген. Біздің басшылығымыз компанияның атынан ең маңызды шешімдерді қабылдайды және оның қызметін жан-жақты басқарады.

Жаһанды тұрақты даму жөніндегі комитетіміз арқылы біз барлық бөлімшелерімізде тұрақты даму процестерін жүзеге асырамыз. 2030 жылға арналған мақсаттарға қол жеткізу үшін біз көрсеткіштерімізді жақсарту және жаңа жобаларды дайындау үшін, компанияның тиісті бөлімшелерінің қызметкерлерімен қызметтесеміз, өтінімдерді мұқият қадағалаймыз.





## Біздің Директорлар кеңесі

Біздің басқаруға этикалық және ашық тәсілдемемізге сәйкес корпоративтік басқару құрылымымыздың шыңы Директорлар кеңесі болып табылады. Компанияның жарғысына сәйкес, Директорлар кеңесі он бір мүшеден тұрады: төраға, төрағаның орынбасары және тоғыз мүше. Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына төрт тәуелсіз мүше, сондай-ақ тиісті салаларда маманданатын екі консультант кіреді.

Директорлар кеңесіміз мүшелерінің ешқайсысы басшылық лауазымдарды атқармайды. Д-р Йылмаз Аргуден және Тамер Хасимоглу арнайы білімдер мен тәжірибеге ие консультанттар ретінде қолдау көрсетеді.

Директорлар кеңесі барлық мүдделі тараптар алдында өзінің жауапкершілігі шегінде жалпы корпоративтік саясатты қалыптастырады, компания дамуының стратегиялық бағытын айқындайды және ішкі байқаушылар ретінде әртүрлі көзқарасты қосады. Осы бүкіл бағдарлама Корпоративтік басқару қағидаттарында айқындалған барлық мәселелерге сәйкес ашық, есеп берушілік, әділ және жауапты жүзеге асырылады. Сондай-ақ Директорлар кеңесі компания және акционерлер арасында тиімді байланысты сақтауда, ықтималды дауларды шешуде және шешімдерге қол жеткізуде жетекші рөл атқарады. Бұл үшін ол Корпоративтік басқару жөніндегі комитетпен және Инвесторлармен байланыстар жөніндегі бөліммен тығыз қызметтеседі.

Өз міндеттерін тиімді орындау үшін Директорлар кеңесі жыл бойы қажет деп санайтын мерзімділікпен отырыстар өткізеді. Осы отырыстарда Директорлар кеңесі мүшелерінің сұрақтарына жауап беріледі, сонымен қатар келіспеушіліктер бар мәселелер бойынша Кеңес мүшелерінің пікірлері анықталады. Жыл бойы біздің Директорлар кеңесіміз физикалық немесе электрондық түрде бес рет жиналды, бұл ретте қатысу коэффициенті 100% құрады.

Бұдан басқа, Директорлар кеңесінің міндеттері мен жауапкершілігінің тиімді орындалуын қамтамасыз ету және нығайту үшін, Аудит жөніндегі комитет, Тәуекелдерді ерте анықтау жөніндегі комитет және Корпоративтік басқару жөніндегі комитет белсенді түрде жұмыс істеуін жалғастыруда.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

# 36%

Тәуелсіз  
мүшелердің  
арақатынасы

# 9%

Мүшелер арасында  
әйелдер  
санының  
арақатынасы

# 36 ЖЫЛ

Мамандық  
бойынша  
орташа жұмыс  
өтілі

# 45.5%

БАКАЛАВР ДӘРЕЖЕСІ

# 45.5%

МАГИСТР ДӘРЕЖЕСІ

# 9%

Философия докторы

Лауазы  
мды  
атқарудың  
орташа  
мерзімі

# 4 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗ МҮШЕЛЕР

# 6 ЖЫЛ

БАСҚА МҮШЕЛЕР

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН  
КОМИТЕТТЕР

## Корпоративтік басқару жөніндегі комитет (1)

- Корпоративтік басқару қағидаларының сақталуына қадағалауды жүзеге асырады
- Директорлар кеңесіне корпоративтік басқару тәжірибелерін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру
1 431 293 МВт-с көлемінде энергияны тұтыну 70%-ға компанияның сыра ашыту зауытын және ғимараттарын жылыту үшін пайдаланылатын отыннан, 3%-ға - автомобильдер мен генераторларға арналған отыннан 2%-ға - биогаздан тұрады.

Жалпы энергияны тұтынадан 25% құрайтын электроэнергияны тұтыну жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды көбейту есебінен қысқарды. Биылғы жылы біз тұтынатын электроэнергияның 48% жаңартылатын энергия көздері болды.

→ Жалпы энергияны тұтыну (МВтс)

ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ШЫҒАРЫНДЫЛАР  
КӨРСЕТКІШТЕРІ→ Жылыжайлық газдар шығарындыларының жалпы көлемі  
(CO<sub>2</sub>e тонна)

2023 жылы біз жалпы алғанда 350 002 тонна CO<sub>2</sub>e жылыжайлық газдар шығарындыларын, оның ішінде 217 090 тонна CO<sub>2</sub>e 1-санаттағы шығарындыларын және 132 912 тонна CO<sub>2</sub>e 2-санаттағы шығарындыларын өндірдік.

Осы көрсеткіштердің арқасында біз меншікті кәсіпорындарымызда атмосфераға шығарындыларды 1%-ға қысқартуға қол жеткіздік. Бұл төмендетуге біз былтырғы жылы тоқтатқан Украинадағы AB InBev өндірістік процестерін қайта бастауға қарамастан қол жеткізілді.

Былтырғы жылдың ақпан айының соңында біз Украинада AB InBev кәсіпорнында өз қызметімізді тоқтатуға мәжбүр болдық және де оны сол жылдың қазанында ғана біртіндеп қайта бастадық.

Осы себеппен біз 2022 жылы жылыжайлық газдар шығарындыларын талдаудан Украинадағы қызметіміздің әсер етуін алып тастадық. Алайда 2023 жылы біз бұл талдауға Украинадағы қазіргі кәсіпорындарымызды толықтай енгіздік.

Украинадағы AB InBev Efes қызметінің әсер етуін қоспағанда, өндірістік шығарындыларды есептеген кезде, біз өткен жылмен салыстырғанда, 1 және 2-санатты жылыжайлық газдар шығарындыларының қысқаруын байқадық.


Біздің шығарындыларды қысқарту бойынша жобаларымыз бұдан да мақсатқа бағытталған және тиімді болуы үшін, біз елдер және сыра ашыту зауыттары бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргіздік. Осыған байланысты жылыжайлық газдардың шығарындылары ең көп әсер еткен AB InBev Efes ресейлік бөлімшесі - 52%, одан кейін Түркиядағы кәсіпорындар - 24%, Қазақстанда - 10%, Украинадағы AB InBev Efes - 8%, сонымен қатар Молдовада және Грузияда - 3%-дан.

Жылыжайлық газдардың шығарындылары тиімділігінің ең маңызды көрсеткішіміз, сыра өндірісіне шығарындылардың қарқындылығы өткен жылмен салыстырғанда 6,6% төмендеді - 8,25 кгCO<sub>2</sub>/гЛ бастап 7,7 кгCO<sub>2</sub>/гЛ дейін.

2023 жылы сыра өндірісі 4,4 %-ға көбейсе де, жылыжайлық газдардың шығарындылары қарқындылығының азаюы біздің жобаларымыз бен жоспарларымыздың көмегімен біз «шығарындылардың таза нөлдік деңгейі» мақсатына қол жеткізуге дұрыс қадамдар жасайтынымызды дәлелдейді.



→ Елдер бойынша жылыжайлық газдардың шығарындылары (CO<sub>2</sub>e тонна)



2023 жылы біз 578 миллионнан астам түрік лирасы мөлшерінде барлық кәсіпорындарымызда энерготімділікке рекордтық инвестициялар жасадық.

### ЭНЕРГОТИМДІЛІКТІ АРТТЫРУ БОЙЫНША ЖОБАЛАРҒА РЕКОРДТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2023 жылы біз 578 миллионнан астам түрік лирасы мөлшерінде барлық кәсіпорындарымызда энерготімділікке рекордтық инвестицияларды жүзеге асырдық.

Нәтижесінде біз 19 жаңа жобаны іске асырдық және энерготімділік саласындағы жобалардың жалпы санын 25 жобаға дейін жеткізіп, алдыңғы жылдың қолданыстағы жобаларымен жұмыс істеуді жалғастырамыз. Біз 2023 жылы осы жобалардың 36%-н аяқтадық және 2024 және 2025 жылдары ағымдағы жобаларды аяқтауды жоспарлаймыз.

Осы жобалардың кейбіреулері біздің климаттық дағдарыстың салдарын жеңілдетуге тәсілдемеміздің бірден бірнеше бағыттарымызды іске асыруға себептеседі. Энерготімділікке инвестициялар арнайы бөлінбесе де, біз өз мағынасы бойынша энергияны үнемдеуге себептесетін көптеген жобаларды іске асырамыз. Оларға өнімнің сапасымен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған инвестициялар, су ресурстарының қауіпсіздігін және оңтайлы пайдалануын қамтамасыз ету, сонымен қатар энерготімділіктің артуына себептесетін өндіріс қалдықтарын жанама қысқарту жатады.

Егер біз қатысатын елдер бойынша энергоүнемдеуге инвестицияларымыздың бөлінуіне қарасақ, біз олардың арасында Түркияның, Қазақстанның, Грузияның және Молдованың ерекшеленетінін көреміз.

Энерготімділікті арттыру бойынша ағымдағы және аяқталған жобаларымыздың арқасында біз 9 260 МВт-с мөлшерінде энергияның жыл сайын үнемдеуіне және 14 691 тонна CO<sub>2</sub>e жылыжайлық газдардың шығарындыларын болдырмауға қол жеткізуге ниеттіміз.

2023 жылы іске асырылған жобалардың арқасында біз 14 691 МВт-с жыл сайынғы үнемдеуге қол жеткіземіз және 11 700 тонна CO<sub>2</sub>e жылыжайлық газдардың шығарындыларын болдырмаймыз.

Іске асыруы 2023 жылы басталатын жобалардың көмегімен, біз 5 431 МВт-с мөлшеріндегі энергияның жыл сайынғы үнемдеуіне қол жеткізуге және CO<sub>2</sub>e шығарындыларын 3 335 тоннаға қысқартуға ниеттіміз.





### ҚҰНДЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ БАРЛЫҚ ТІЗБЕГІНІҢ КӨМІРТЕКТІ ІЗІНІҢ КАРТОГРАФИЯСЫ


«Көміртекті із картографиясы» жобасының нәтижесінде біз жыл сайын құндылықты жасаудың барлық тізбегі және өз қызметіміздің шеңберінде жылыжайлық газдардың шығарындыларына әсер етуді жыл сайын қадағалаймыз.

Ресейдегі және Украинадағы AB InBev Efes бөлімшелеріміз кірмейтін осы зерттеу нәтижесінде, біз ауылшаруашылық шикізатын, өндіріс құралдарын, тоңазытқыштарды, қызметкерлердің сапарларын, қызметкерлердің қызметтерін, қлдықтардың түзілуін, бастапқы және кейінгі дистрибуцияны, сонымен қатар логистиканы, және франшизаны қоса алғанда, біз құндылықты жасау тізбегіміз шеңберінде сатып алатын өнім мен қызметтерден болған 3-санатты шығарындылардың әсер етуін есептедік.

Жылыжайлық газдардың шығарындылары жөніндегі хаттамаға сәйенс, біздің есеп-қисаптарымыз шекаралары біздің қызметімізге және құндылықты жасау тізбегінің құрылымына сәйкес айқындалатын тоғыз түрлі көрсеткіш бойынша 3-санатты шығарындыларды талдайды.

Атмосфераға 3-санатты шығарындылар бір жылда 539 645 тонна CO<sub>2</sub>e құрады. Құндылықты жасаудың барлық тізбегі бойынша біздің көміртекті ізді талдауымызда 2023 жылы қаптау процестерінен болған шығарындылар 35,4% құрады, олардан кейін ауылшаруашылық өнімі, сатып алынатын тауарлар мен қызметтер - 22% құрайды. Біздің меншікті операцияларымыз 17,9% үлеспен үшінші орын алды.

→ Құндылықты жасаудың барлық тізбегі бойынша көміртекті із картасы



### Қызметтің болашақ бағыттары

Біз «шығарындылардың таза нөлдік деңгейі» мақсатына қол жеткізуге ұмтылып, жаңартылатын энергия көздеріне инвестицияларға басымды назар аударамыз. Түркиядағы қызметіміз шеңберінде біз 2022 жылы жспарлаған, күн энергиясы жүйелерінің қондырғысын 2024 жылға қарай аяқтауды және осы жылдың соңына өндірісті бастауды жоспарлаймыз. «Құрылыс-пайдалану-табыстау» моделі бойынша қаржыландырылатын, Коньядағы зауытымызда қуаттылығы 10,7МВт күн энергожүйелері қондырғысының арқасында, біз CO<sub>2</sub>-6 500 тоннаға баламалы шығарындылардың жыл сайынғы қысқартуына қол жеткізуге ниеттіміз. Астанадағы сыра ашыту зауытында біз бу қазандықтары үшін отын ретінде, ағын сулардан алынған биогазды пайдалану бойынша жоба әзірледік, ал бұл жылына 300 000 см<sup>3</sup> табиғи газды үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл үнемдеу жылыжайлық газдардың шығарындыларын жылына 610 тоннаға қысқартуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Біз сондай-ақ цтфрлық платформаның көмегімен деректерді жинап және талдап, жылыжайлық газдардың шығарындыларымен байланысты барлық көрсеткіштердің жүйелік қадағалау бойынша жұмыс істейміз. Көміртекті шығарындылардың карталарын құрастыру және деректерді жүйелік қадағалау бізге ресурстарымызды оңтайлы пайдалануға, мүдделі тараптарымызбен стратегиялық серіктестіктердің көмегімен шығарындыларды қысқарту бойынша жоспарланған және кезеңдік күш салуды жалғастыруға, сонымен қатар 2030 жылға қарай біздің барлық операцияларымызда көміртек шығарындыларының нөлдік деңгейіне қол жеткізу жолында табыстарымызбен барлық мүдделі тараптармен ашық бөлісуге мүмкіндік берді.



# Суды тұтыну және қауіпсіздік

## Біз мұның стратегиямызбен арақатынасын қалай белгілейміз?

Климаттың өзгеруімен тығыз байланысты тағы бір сала - су ресурстарын тұтыну және қауіпсіздігі. Климаттық дағдарыс әртүрлі арналар бойынша жағанды су ресурстарына және қауіпсіздігіне елеулі әсер етеді. Жауын-шашын түсуінің болжап болмайтын сипаты, мұздықтар алаңының қысқаруы, теңіз деңгейінің көтерілуі, су тасқындары және құрғақшылық - осының бәрі климат өзгеруінің салдары - су қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіреді. Бұл жағдай су тапшылығы және су ресурстарына жүктеме сияқты тәуекелдер жасайды.

Өнімімізді өндіру кезінде біз ауыл шаруашылығынан бастап өндіріске дейін түрлі кезеңдерде судың елеулі көлемдерін пайдаланамыз. Бүгінде ауыл шаруашылығы су тапшылығының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Сондықтан біз құндылықты жасау тізбегімізде бірінші қадам болып табылатын ауылшаруашылық қызметінен бастап, суды пайдалануды оңтайландырумен жұмыс жасаймыз. Жобаларымыздың шеңберінде біз өндірістік процестерімізде суды тұтыну қысқартуға ұмтыламыз және ауыл шаруашылығында суды пайдалану бойынша интеллектуалды шешімдерді әзірлеп, ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуды қолдаймыз.

Су шикізаттың негізгі түрлерінің бірі болып табылатындықтан басқа, шикізаттың екі басқа түрін біз ауылшаруашылық өндірісі нәтижесінде аламыз. Сондықтан қызметіміз үшін шешуші мәні бар суды тиімді пайдалану тәуекелдерді корпоративтік басқару шеңберінде қаралады.

Осыған байланысты біз өндірістік қуаттылықтарымыз орналасқан және біз шикізат алатын өңірлерде су жетіспеушілігі тәуекелдерін және су ресурстарына жүктемелерді талдаймыз.

Өткен жылы біз өндірістік қуаттылықтарымыз орналасқан аудандарда осындай талдау жүргіздік, ал биылғы жылы біз ауылшаруашылық шикізатын алатын жерлерде сумен байланысты тәуекелдерді есепке алуға тырыстық.

## 2023 жылдың негізгі оқиғалары

### БІЗДІҢ СУ ТҰТЫНУ КӨРСЕТКІШТЕРІМІЗ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ БОЙЫНША КҮШ САЛУЫМЫЗ


Су - бұл Жердегі тіршілікті жалғастыру үшін қажетті ресурс қана емес, сондай-ақ өндірістік процестер және біздің ауылшаруашылық шикізатымыздың өнімділігі үшін ең қажетті шарт. Осыған байланысты біз кәсіпорындарымызда судың тұтынуын барынша азайту бойынша күш салуды жалғастырамыз.

Біз жұмыс істейтін елдердің даму динамикасын есепке алып жылдық мақсаттарды белгілейміз және осы мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімділікті арттыру бойынша іс-шаралар өткіземіз. Нәтижелерді тұрақты қадағалау және су ресурстарын басқару тәсілдемесі арқасында біз жыл бойы суды пайдаланумен байланысты қандай да болсын айыппұл санкцияларына ұшырамадық.

Біз суды муниципалдық көздерден және жерасты суларын пайдаланамыз. Сол арада Түркиядағы кәсіпорындарымызда біз тек қана жерасты суларды және құдықтан алынған суды пайдаланамыз, Украинадағы және Грузиядағы AB InBev Efes кәсіпорындарда біз тек қана муниципалдық суды пайдаланамыз.

Қызметіміздің басқа өңірлерінде біз бастапқы судың екі типін пайдаланамыз. Жерасты сулардың үлесіне біздің жалпы суды тұтынуымыздың 57% келеді, сол арада муниципалдық сумен жабдықтау 43%.

→ Жалпы суды тұтыну (м³)



2023 жылы біздің суды таза тұтынуымыз 13 354 100 м³ дейін артты бұл өсім өндіріс көлемінің 4,4%-ға өсуімен, сондай-ақ Украинадағы AB InBev Efes кәсіпорынымызда өткен жылы тоқтатылған және жылдың соңына қарай біртіндеп қайта басталған өндірістік процестің қайта басталуымен шартталды.

**Сыра өндірісіне суды шығысы 0,33 м³/гЛ, ал уыт өндірісіне - 4,78 м³/т құрады.**

Біз екі жеке арна бойынша әрбір өндірісте суды тұтынуд көрсеткіштерін қадағалаймыз: AB InBev Efes операциялары және басқа операциялар. Біздің Түркиядағы, Қазақстандағы, Молдовадағы және Грузиядағы кәсіпорындарымызда біз 2025 жылға қарай сыра өндірісінде судың тұтынуын 2020 жылдың базалық деңгейімен салыстырғанда 10%-ға қысқартуға ұмтыламыз.






Біз жаңадан бастаған және өткен жылдардан бастап жүргізіп жатқан жобалардың арқасында осы мақсаттарға қол жеткізу үшін елеулі қадамдар жасаймыз.

2023 жылы біз осы саладағы алты жобаға 10,9 млн. түрік лирасын инвестициялаймыз. Осылайша, біз жыл сайын 24 126,5 м³ суды үнемдеуді жоспарлаймыз. Біз сондай-ақ өткен жылы бастаған және осы жылы жалғастыратын, жалпы сомасы 94 миллион түрік лирасына тиімділікті арттыру бойынша жобалардың іске асыруын жалғастырамыз. Биылғы жылы біз осы жобалардан сегіз жобаны іске асырдық және 2024 және 2025 жылдарда қалған төрт жобаны іске асыруды жоспарлаймыз.

→Елге байланысты суды тұтыну (м³)



### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СУДЫ ҚАЙТАЛАМА ПАЙДАЛАНУ


Сондай-ақ біздің суды пайдалану тиімділігіне қол жеткізуге тәсілімізге қажетті сүзгілеуден кейін суды қайталама пайдалану кіреді. Осыған байланысты біз суды қайта өңдеу, қайталама пайдалану және қалпына келтіруге арналған өндірістік процестерімізді жетілдіреміз. 2023 жылы біз 140 193 м³ суды қайта өңдедік, 25 030 м³ суды қайталама пайдаландық және қалпына келтірдік және 80 015 м³ пайдаландық. Біз қалдықтар ретінде жіктеген судың көлемі 3 489 450 м³ құрады және осының бәрін біз қажетті қағидаларға сәйкес түсірдік.

### ҚЫЗМЕТ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ СУ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТАЛДАУ

Биылғы жылы біз былтыр қызметіміздің өңірлерінде жүргізуді бастаған су ресурстарына жүктемені талдауда бір қадам алға жылжыдық. Біз пайдаланылатын судың көлеміне сәйкес, бастапқыда кәсіпорындарымыздың орналасуы негізінде жүргізілген талдауды қайта ұйымдастырдық. Бұл бізге су ресурстарына жоғары жүктеме бар аймақтарда қаншалықты көп су жұмсалатынын қадағалауға мүмкіндік берді. WRI акведукты пайдалану «Тәуекелдер атласы» құралының көмегімен біз кәсіпорындарымыз орналасқан аудандарда сумен байланысты тәуекелдердің ағымдағы және болашақ жағдайларын зерттедік.

Түркиядағы, Грузияда, Қазақстандағы және Молдовадағы кәсіпорындарымыз кіретін бұл талдау бізбен тұтынылатын судың 37 % су ресурстарына жүктеменің деңгейі жоғары аудандардан, ал 33 % - ресурстарына жүктеменің деңгейі өте жоғары аудандардан түсетінін көрсетті.

→ Біздің су тұтыну өңірлерімізде су ресурстарына жүктеме тәуекелдерін бөлу



### Қызметтің болашақ бағыттары

Келесі жылы біз кәсіпорындарымызда физикалық, әлеуметтік, бедел және нормативтік факторларға негізделген тәуекелдердің талдауын жүргізуді және қызметкерлеріміздің қатысуымен семинарларды өткізуді жоспарлаймыз. Біз осы кездесулер мен талдаулардың нәтижесінде пайда болатын іс-әрекеттер жоспарларын іске асырамыз. Сондай-ақ суды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша бес ағымдағы жобаны жүзеге асырамыз: төртеуі Түркияда және біреуі Грузияда. Біз 2024 және 2025 жылдарда аяқтауды жоспарлайтын осы жобалардың арқасында шамамен 267 000 м³ су үнемделеді.



# Циклділік және өндіріс қалдықтары

## Біз мұның стратегиямызбен арақатынасын қалай белгілейміз?

Біз қайта өңделмейтін, қайтадан пайдаланылмайтын немесе қайтадан қолданылмайтын барлық қалдықтар - бұл босқа кетірілген ресурстар деп санаймыз. Біз қызметімізден болған қалдықтардың санын барынша азайтуға тырысамыз және де оларды циркулярлық қағидатын есепке ала отырып бағалаймыз. Біз барлық процестерімізді өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің занамасына және біздің экологиялық саясатымызға сәйкес жүзеге асырамыз.

Біз көздерді бөлу және максималды қалпына келтіру қағидаттарын ұстанып, сондай-ақ барлық кәсіпорындарымызда қысқартуды және қайталама пайдалануды қолдап, циркулярлық экономиканың дамуына себептесетін жобаларды әзірлейміз.

Мақсаттарымыздың арасында - 2030 жылға арналған міндеттерімізде көрсетілгендей, қоршаған ортаға әсер етуді азайтып, қалдықсыз ұйым болу және пластикалық қалдықтармен күресу.

Біз өндірістік қалдықтарымызды, қайта өңдеу көрсеткіштерімізді және, соның ішінде, бір реттік пластиктерді пайдалану көрсеткіштерін қадағалаймыз.

Циклділік қағидатына негізделген кешенді тәсілдеменің арқасында, біз инновациялық әдістердің көмегімен қалдықтарымызды шикізатқа айналдырамыз, ал бұл жаңа өнімдерді жасауға әкеп соқтырады.

## 2023 жылдың негізгі оқиғалары

### ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚЫСҚАРТУ

Күш салуымыздың арқасында 2023 жылы біз қалдықтардың жалпы санын 520 351 тонна деңгейінде сақтап, қалдықтардың түзілуін 4,4%-ға қысқарттық.<sup>12</sup> Қауіпті қалдықтар қалдықтардың жалпы санынан небәрі 2% құрады, ал қауіпті емес қалдықтардың 510 537 тоннасы қалдықтардың жалпы санынан 98% құрады.

Біздің қалдықтарды басқару стратегиямыздың бірінші қадамы қалдықтардың түзілуін қысқарту және түзілген қалдықтардың қайта өңделуін қолдау болып табылады.

Біз қалдықтарымыздың 99%-н қайта өңдедік, ал бұл 513 064 тоннаны құрады. Демек, біз кәдеге жаратуға тек қалдықтарымыздың 1% жібердік. Біздің барлыққа жуық қалдықтарымыз қайта өңделсе де, біз қайта өңдеу және қайталама пайдалану әдістерін артығырақ пайдаландық.



<sup>12</sup> Қалдықтардың саны бойынша деректерге ақпараттың жеткіліксіздігі салдарынан Украинадағы AB InBev Efes в кәсіпорындары бойынша деректер кірмейді.

→ 2023 жылы қалдықтарды бағалау әдістері

Қайта өңделген  
қалдықтар саны

457 097

Қайталама  
пайдаланылат  
ын  
қалдықтардың  
саны

55 967

Үйінділерге  
жіберілген  
қалдықтар саны

6 178

Басқа тәсілдермен  
кәдеге жаратылған  
қалдықтар

807

Біз қайта өңделмейтін және қайталама пайдаланылмайтын немесе қайталама қолданылмайтын қалдықтардың барлығы - бұл босқа кетірілген ресурстар деп санаймыз.


**"БИЗНЕС-ПЛАСТИК» БАСТАМАСЫНА БЕЙІЛДІЛІК**

2019 жылы басталған «Бизнес-пластик» бастамасы шеңберінде Global Compact Türkiye, «Іскерлік әлеум және Тұрақты даму» қауымдастығының, сонымен қатар TÜSIAD бірлескен күштерінің арқасында, біз пластикті пайдалануды қысқарту және пластикке қатысты циклдық экономикаға ауысу бойынша нақты қадамдар жасауды жалғастырамыз. Біз екіншілік және жаңартылатын пластмассаларды қайталама пайдалану бойынша міндеттерімізді орындауда анағұрлым прогреске қол жеткіздік. Біз пластикті 800 тоннаға қысқарту бойынша мақсатымызға жеттік.



2023 жылы;

- Құрамында 50% қайта өйделген жәшіктерді пайдаланып, және осы арақатынасты құрамында 75% қайта өңделген пластик бар жәшіктерге дейін арттырып, біз 206 120 кг бастапқы пластикті пайдалануға жол бермедік. Біз осы салада өз міндеттерімізді орындап, пластикті пайдалануды 802 тоннаға дейін сәтті қысқарттық.

**КЕҢСЕЛІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ БОЙЫНША КҮШТЕР**

Біз өндірістік қызметімізден болған қалдықтарға ғана емес, сондай-ақ кеңселерімізде пайда болатын қалдықтарды оңтайлы пайдалануға көңіл аударамыз. Біз ресурстарды тұтынуды қысқартуға және кеңселік қалдықтарды максималды қайта өңдеуге тырысамыз.

Қойылған мақсаттарға сәйкес 2023 жылы біз Түркиядағы және Молдовадағы кеңселерімізде 154 169 кг шыны, 15 387 кг металл, 55 865 кг қағаз, сонымен қатар 82 463 кг пластикті қайта өңдедік. Осылайша, біз жалпы алғанда 307 914 килограмм кеңселік қалдықты сәтті қайта өңдедік.

**Қызметтің болашақ бағыттары**

Біз 2030 жылға қарай барлық кәсіпорындарымыздың қалдықтардың нөлдік деңгейіне немесе баламалы сертификаттауына қол жеткізу бойынша күштерімізді салуды жалғастырамыз. Біз Түркиядағы барлық кәсіпорындарымызға қалдықсыздық сертификаттарын сәтті алдық. Жақын келешекте біз осы салада қазіргі сертификаттау немесе аккредиттеу процестерін ұстанып, жұмыс істейтін басқа елдерде қалдықсыз өндіріс тәжірибесін енгізуді жоспарлаймыз.



# Экологиялық қаптама

## Біз мұның стратегиямызбен арақатынасын қалай белгілейміз?

Біздің көміртекті іздің талдауымыздың негізгі нәтижелерінің бірі қаптаманың құндылықтарды жасау тізбегімізде көміртекті ізге ең көп үлес қосатыны болды. Біз қаптамалық материалдардың қалдықтарға айналатындықтан, олар ресурстарды тұтынуды көбейтетінін, сондай-ақ қаптаманың өндірісі кезінде энергияны тұтынуды және шығарындылар деңгейін көбейтетінін, ал бұл қоршаған ортаға теріс әсер етуге әкеп соқтыратынын түсінеміз.

Біздің өз қызметімізде 2030 жылға қарай шығарындылардың таза нөлдік деңгейіне жету мақсатымыздан басқа - біз құндылықты жасау тізбегінде шығарындыларды қысқартуға және біздің қаптаманың қоршаған ортаға әсер етуін шектеуге бағытталған жобаларды әзірлеймін. Осыған байланысты біз зерттеулер және әзірлемелер және жеткізушілермен ынтымақтастық саласындағы күш салуымыздың арқасында өнімімізде қаптаманы пайдалануды қысқартуға және көп реттік немесе қайта өңделген қаптамалық материалдардың үлесін арттыруға ұмтыламыз. Біз қаптаманың қалдықтарын кәдеге жарату үшін кеңірек мүмкіндіктерді жасау үшін, жұмыс істейтін өңірлерде қалдықтарды қайта өңдеу бойынша желілерді дамытуды қолдаймыз.

## 2023 жылдың негізгі оқиғалары

### АЛЮМИНИЙ ҚҰТЫЛАРДЫ ЖҰҚАРУ ӘДІСТЕРІ

Қазақстанда біз жеткізушімен бірлесіп құтыларды жұқарту және пайдаланылатын қаптамалық материалдың санын қысқарту бойынша маңызды бастама жасадық. Біздің құтылардың негізгі жеткізушісі, QazaPak компаниясы 2023 жылдың ортасынан біздің өніміміз үшін жеңілдірек құтыларды өндіре бастады. Нәтижесінде біздің құтыларымыздың салмағы 12,8 грамнан 12 грамға дейін азайды, ал бұл жалпы алғанда 78 тонна алюминийді үнемдеуге мүмкіндік берді.

### УКРАИНАДАҒЫ АВ INBEV EFES КОМПАНИЯСЫНДА ПЛАСТИК ҚАПТАМАНЫҢ КӨЛЕМДЕРІН ҚЫСҚАРУ

Біздің Украинадағы АВ InBev Efes қызметіміз шеңберінде біз 2023 жылдың басында басталатын екі жобаның арқасында қаптамадағы пластик материалдарын пайдалануды қысқартамыз.

ПЭТ-пластиктен жасалған бөтелкелерді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын пластикалық преформаларды жұқарту бойынша күш салуымыздың арқасында біз бастапқы пластиктің пайдалануын 74,5 тоннаға қысқарттық.

Бұдан басқа, біз қайта өңделген материалдарды біздің сыртқы пластикалық стрейч-үлдірлерімізге ішінара пайдалану үшін, қаптаманың жеткізушісімен қызметтесеміз.

30%-ға қайта өңделген материалдан дайындалған жаңа пластикалық стрейч-үлдірді пайдаланып, біз 58 тонна бастапқы пластиктің пайдалануына жол бермедік.

## ҚАЙТА ӨНДЕЛГЕН ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ҚАПТАМА

Қаптаманы қысқарту және жұқарту бойынша күштерімізге қосымша түрде біз картон, металл, пластикалық және шыны қаптаманы үшін сертифицирталған немесе қайта өңделген қаптамалық материалдарды пайдалануға ұмтыламыз. Біз елдеріміздің жағдайларын және өнім қаптамасының ерекшеліктерін есепке алатын әртүрлі зерттеулер жүргіземіз.

- Картон қаптаманы пайдалану кезінде біз сертифицирталған материалдардан жасалған Түркияда пайдаланылатын 4 604 тонна қағаздың/картонның 100%-н, және Қазақстанда пайдаланылатын 283 тонна қағаздың/картонның 80%-н пайдаланамыз.
- Біз Түркиядағы кәсіпорындарымызда 20 805 тонна, Қазақстанда 119 тонна және Молдовада 978 тонна пластикалық қаптаманы пайдаландық, бұған қоса олардың барлығы 100%-ға екіншілік қайта өңдеуге жатады.
- Молдовада шыны ыдысты дайындау үшін біз 17% екіншілік шикізаттан дайындалған 5 434 тонна шыны ыдысты және Қазақстанда 30% екіншілік шикізаттан дайындалған 42 129 тонна шыны ыдысты пайдаландық.

## Қызметтің болашақ бағыттары

Біз экологиялық қаптаманы жасау бойынша күштерімізді жылдамдарту үшін, қаптама жеткізушілерімен кездесулерді өткіземіз және қаптаманың баламалы нұсқаларын жасау бойынша жұмыс тістейміз. Бұдан басқа, біз түркиядағы кәсіпорындарымызда қайта өңделген пластиктен дайындалған жәшіктерді пайдалануды жалғастырамыз. Алдағы кезеңде біз 100% қайта өңделген пластиктен жасалған жәшіктермен жұмыс істеуді жалғастырамыз.



# Жеткізушілер тізбегі және тұрақтылық

Біз мұның стратегиямызбен арақатынасын қалай белгілейміз?

Жеткізушілер тізбектерін басқару қызметіміздің және өндірістік тізбегіміздің үздіксіздігін сақтау үшін қажет. Компания шикізатының жартысы ауылшаруашылық өндірісінен, ал екінші жартысын судан байланысты болғандықтан, климаттық дағдарыстың шикізатымызға қауіп төндіретінін сезіну осы функцияның сыни маңыздылығын белгілейді.

Жеткізушілер тізбектеріміздің тұрақтылығын қамтамасыз ету және құндылықты жасаудың барлық тізбегі бойынша тұрақты дамуға тәсілдемізді тарату үшін біздің мүдделі тараптарымыздың бизнесті жүргізу қағидаларымызды түсініп, қабылдауы өте маңызды. Біз жұмыс жағдайларының шеңберін айқындаймыз және жеткізушіні таңдаудың әрбір кезеңінде және кейінгі бағалау процестерінде жеткізушілерді бағалау процедурасын сақтаймыз. Осы процедураға сәйкес, біз жеткізушілеріміздің бизнестің үздіксіздігіне, сапаға ықпалына, сондай-ақ қаржылық көрсеткіштерге байланысты оларды санаттар бойынша бөлеміз. Біз оларды сапа, қызмет көрсету және тұрақтылық сияқты маңызды критерийлер бойынша бағалаймыз. Жүйеде жиналған деректер және функционалдық қызметкерлермен және жеткізушілермен толытырған бағалау сауалнамалары біздің жеткізушілерімізді қызыл, сары және жасыл санаттарға жіктейді.

Жеткізушілер тізбегінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, біз әсіресе ауылшаруашылық шикізатын сатып алу кезінде тәуекелдерді бағалай отырып, қазіргі және жаңа жеткізушілермен тұрақты түрде тілдесеміз.

Тәуекелдерді өлшеу осылайша жеткізушілер тізбегінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, бізге өндірісте және жеткізушілер тізбегінде ықтималды іркілістерді болжау және болдырмау бойынша іс-әрекеттер жоспарын әзірлеуге көмектеседі.

## 2023 жылдың негізгі оқиғалары

### БІЗДІҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕР ТІЗБЕГІНІҢ ЭКОЖҮЙЕСІ

Біздің жеткізушілер тізбегінің стратегиямыз жеткізушілерді бағалау мен таңдауға, жергілікті жеткізушілердің және ауылшаруашылық шикізатының жеткізушілеріне шоғырланған. 2023 жылы біз жалпы алғанда қызметіміздің барлық өңірдерінде 7 701 жеткізушімен қызметтестік, олардан 3 883 13 жеткізуші 1-санатты жеткізушілер болды. Біз стратегиялық жеткізушілерімізді біздің өндірістік процестері үшін біз үшін баламасы жоқ, өмірлік маңызды ресурстарды қамтамасыз ететін, біз олармен ұзақ мерзімді іскерлік қатынастарды қолдайтын және қаржылық көрсеткіштеріміз үшін әсер ететін ретінде айқындаймыз. Биылғы жылы жеткізушілер экожүйелерімізде 181 жеткізуші сыни маңызды және стратегиялық жеткізуші ретінде, және олардың 58% 1-санатты жеткізуші болды.


Жыл бойы біз жеткізушілерге 60 741 194 253 түрік лирасы жалпы сомаға төлемақылар жүргіздік. Осы төлемақылардың 23 біздің сыни және стратегиялық жеткізушілерімізге, ал 17% - сыни және стратегиялық, сондай-ақ бірінші санатты жеткізушілерге жүргізілді.

13 Ресейдегі AB InBev Efes кәсіпорындары бөлу кестесіне енгізілмеген.

### САТЫП АЛУЛАР КЕЗІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ БАСЫМДЫҒЫ

Жергілікті ресурстарды пайдалану жеткізушілер тізбектерінің тұрақтылығымен және климаттық дағдарыстың үдемелі салдарына орай тәуекелді басқарумен байланысты маңызды мәселеге айналды. Біз ауылшаруашылық азық-түлік жүйелеріндегі жылыжайлық газдар шығарындыларының елеулі бөлігі дистрибуция және тасымалдау сияқты жеткізушілер тізбегінің процестеріне келетінін білеміз. Жергілікті кбздерден алынған ауылшаруашылық шикізатын пайдаланып, біз жылыжайлық газдар шығарындыларының әсер етуін азайтуға және жергілікті фермерлердің дамуын қолдауға тырысамыз. Бұдан басқа, біз біз сатып алатын басқа өнімдерді тасымалдау арақашықтығын қысқарту үшін, жергілікті және тасымалдау тұрғысынан оңтайландырылған жеткізушілермен жұмыс істеуге ең бірінші назар аударамыз.

→ Жергілікті жеткізушілерді елдер бойынша бөлу



2023 жылы біз қызметіміздің барлық өңірлерінде 7 701 жеткізушімен қызметтестік.



2023 жылы біз қызметіміздегі жергілікті жеткізушілердің санын өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға көбейттік және 7 167-ге жеткіздік. Осылайша, біздің барлық жеткізушілеріміздің арасында жергілікті жеткізушілердің үлесі 93% құрады.

Жергілікті жеткізушілерге 55 125 072 837 түрік лирасы мөлшеріндегі төлемақылар жеткізушілерге төлемақылардың жалпы көлемінен 91 % құрады. Жергілікті сатып алулар тәжірибесі арқасында біз жеткізушілерден тәуелділікке жол бермей ғана қоймай, сондай-ақ жергілікті экономикаға оң әсер етеміз.

#### АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ШИКІЗАТЫН САТЫП АЛУ

Біздің өндірістік процесіміздің төрт негізгі компонентінің бірі - бұл ауылшаруашылық шикізаты. Сондықтан ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігі өнім мен қызметтердің сапасына назар аударуды сақтаған кезде бізге қажетті өнімдерді алу үшін өмірлік маңызы бар.

Биылғы жылы біз жалпы алғанда 571 935 тонна ауылшаруашылық шикізаты дайындадық. Біз сатып алған өнімдердің 97,8 % сертификатталған. Ауылшаруашылық шикізатын сатып алу үлесі жеткізушілерге төлемдердің жалпы көлемінде 5 564 295 150 түрік лирасы, немесе 9% құрайды.


Біз Түркияда және AB InBev Efes-те компанияларымызда жергілікті фермерлермен тікелей серіктестік қатынастар орнатамыз. Жыл бойы біз 2410 фермермен жұмыс істедік. Біз жұмыс істеген фермерлерге қаржылық қолдау көрсеттік, сондай-ақ оларға ауыл шаруашылығын тұрақты жүргізу туралы ақпараттандырдық. Біз 634 фермерге ауыл шаруашылығын тұрақты жүргізу әдістері бойынша оқыту өткіздік және 31,5 млн. түрік лирасынан астам сомаға қаржылық қолдау көрсеттік.

#### ТҮРКИЯДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ШИКІЗАТПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ

Климаттық дағдарыстың ауылшаруашылық өндірісіне ықпалы күннен күнге өсіп жатыр. Ауыл шаруашылығы өнімділігінің азаюына әкеп соқтыратын ең елеулі салдардың бірі су ресурстарына жүктеме болып табылады. Осыған орай біз жеткізушілер тізбегіміздің тұрақтылығын арттыру үшін, бізбен сатып алынатын ауылшаруашылық шикізаты және суды пайдалану арасындағы өзара байланысына арналған сыни зерттеу жүргіздік. Біз ауылшаруашылық шикізатын сатып алатын аудандарда су ресурстарына жүктеме тәуекелін бағалап, біздің жалпы сатып алу желімізде тәуекелге ұшырайтын өңірлерді айқындадық.

Түркияда қызметімізде біз сатып алатын ауылшаруашылық шикізаты үшін провинциялар деңгейінде су ресурстарына жүктеменің негізінде су тәуекелдерін бағаладық. Біз ағымдағы жағдайды сценарлық талдауды жүргізу және 2030 жылға болжам жасау үшін WRI «Акведуктар тәуекелдерінің атласы» құралын пайдаландық.

→ Біз ауылшаруашылық шикізатын сатып алатын өңірлерде су ресурстарына жүктеме тәуекелі



Жыл бойы біз жалпы алғанда 18 түрлі провинциядан 107 862 тонна ауылшаруашылық шикізатын сатып алдық. Талдау нәтижесінде біз 51 000 тоннадан астам шикізаттың су ресурстарына өте жоғары жүктеме бар аудандарда, 19 000 тоннадан астамы - су ресурстарына жоғары жүктеме бар аудандарда, 6 500 тоннасы – су ресурстарына орташа жүктеме бар аудандарда және 30,6 тонна – су ресурстарына төмен және орташа жүктеме бар аудандарда сатып алынғанын анықтадық. Талдауымызды 2030 жылға дейін кеңейткен кезде, біз су ресурстарына орташа және төмен жүктеме бар аудандар үшін болжанатын норманың 28%-дан 2%-ға дейін төмендейтінін, ал сол арада шикізат сатып алуларының 50%-дан астамы су ресурстарына жоғары жүктеме бар аудандарда жүзеге асырылатынын көрдік. Біз осы егжей-тегжейлі талдауларға сәйкес іс-әрекеттер жоспарларын әзірлеуге және осы талдауды біздің барлық операцияларымызға таратуға ниеттіміз.

#### Қызметтің болашақ бағыттары

Жақын болашақта біз ауылшаруашылық шикізаты саласындағы біздің тұрақтылығымызды арттыру үшін, біз ауылшаруашылық өндірісі жүргізетін басқа өңірлерде ауыл шаруашылығын тұрақты жүргізу тәжірибесін таратуды және су ресурстарына жүктеме тәуекелдерінің талдауын таратуды жоспарлаймыз.



## Қызметтің нәтижелері және одан арғы жұмыс бағыттары туралы қысқаша ақпарат

### КӨРСЕТКІШТЕР

Материалдық аспектілер	СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ КӨРСЕТКІШТЕР	2021	2022	2023	МАҚСАТТАР
Энергия және шығарындылар	1-санатты шығарындылар (CO <sub>2</sub> e тонна)	218 231	216 351	217 090	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 2030 жылы біз барлық кәсіпорындарымызда шығарындылардың көмірқышқыл газының таза нөлдік деңгейіне қол жеткіземіз.</li> <li>• 2030 жылға қарай уыт және сыра өндірісі бойынша барлық операцияларда қалдықсыздық сертификатын немесе балама сертификатты алу</li> <li>• 2025 жылға қарай 2020 жылдың базалық деңгейімен салыстырғанда, біздің сыра ашыту орындарымызда суды тұтынуың 10%-ға дейін қысқарту, соның ішінде Түркиядағы, Қазақстандағы, Молдовадағы және Грузиядағы кәсіпорындар үшін.</li> <li>• Пластиктің тұтыну деңгейін азайтып, оны пайдаланумен күресуді жалғастырамыз.</li> </ul>
	1-санатты шығарындылар (CO <sub>2</sub> e тонна)	182 079	137 338	132 912	
	Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану (MВтс)	277 513	237 201	170 323	
Суды тұтыну және қауіпсіздік	Суды тұтыну (м <sup>3</sup> )	14 452 477	12 538 719	13 354 100	
	Сыраны өндіріу кезінде судың шығысы (м <sup>3</sup> /глл)	0,34	0,31	0,33	
Тәуекелдер және жеткізулертізбегінің тұрақтылығы	Ауылшаруашылық шикізатының үлесі	-	-	66%	
	Су ресурстарына жоғары жүктеме бар аудандарда сатып алынған материал (%) <sup>14</sup>	-	-	-	
	Жергілікті сатып алулар үлесі (%)	92%	94%	93%	
Қалдықтардың циклділігін және өндірістік қалдықтарды басқару	Қалдықтардың саны (тонна)	639 088	544 700	520 351	
	Қайта өңделген/қайта пайдаланылатын қалдықтардың арақатынасы (%)	99%	99%	99%	
Экологиялық қаптама	Қартон қаптамасында қайта өңделген қаптаманың үлесі (%)	50%-90%	50%-90%	80%-100%	
Биоәртүрлілік	Биоәртүрлілікке бағдарланған жобалардың саны	0	1	1	

<sup>14</sup> Тиімділіктің бұл негізгі көрсеткіші 2023 жылдан бастап қадағалан, өткен жылдар үшін деректер қолда жоқ.



ЕСЕП  
ТУРАЛЫ

ANADOLU EFES  
ӘЛЕМІ

БОЛАШАҚТА+1  
ҚҰНДЫЛЫҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ  
ИННОВАЦИЯЛАР АРҚАСЫНДА  
ӨСІМ

БІЗДІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕР  
ЕТУІМІЗДІ  
АРТТЫРУ

МАҚСАТ - ҚОРШАҒАН  
ОРТАҒА НӨЛДІК ӘСЕР  
ЕТУ

БІЗДІҢ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗБЕН  
БІРГЕ КҮШТІРЕК  
БОЛАМЫЗ

ҚОСЫМШАЛАР

БІЗДІҢ ШАБЫТЫМЫЗ

БІЗДІҢ


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ



Капитал  
элементтерінің  
әсер ету  
аймағы



Турақты даму  
мақсаттарының әсер  
ету аймағы







# Теңдік, әртүрлілік және қатыстыру

Anadolu Efes компаниясында теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік мәдениетіміздің негіз қалаушы элементтері болып табылады. 2023 жылы Anadolu Efes барлық бөлімшелерінде 15 түрлі ұлттың 8 218 қызметкері жұмыс істеді. Біз қызметкерлеріміздің сан алуан идеяларынан күш аламыз және де олардың елеулі үлес қосуынан шабыттанамыз. Біз кемсітушілік қабылдауға келмейтін, ал әр қызметкер өзінің идеяларын еркін білдіре алатын әділ жұмыс ортасын жасауға ұмтыламыз.

Біздің теңдікті, сан алуандықты және инклюзивтілікті қамтамасыз ету тәсілдемеміз екі бағытпен айқындалады: еңбек ұжымдарында әйелдердің өкілдігі және жастарды жұмыспен қамтылуы.

## 2023 жылы барлық Anadolu Efes бөлімшелерінде 15 түрлі ұлттың 8 218 қызметкері жұмыс істеді.

- .
- .

### Біздің мақсаттарымыз

- 2030 жылға қарай штаттағы әйелдердің санын 51%-ға жеткізу
- 2030 жылға қарай директорлар кеңесінде әйелдердің санын кемінде 30%-ға жеткізу.

### Біздің саясатымыз

- Теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясаты
- Директорлар кеңесінде теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясаты

### Біздің көрсеткіштеріміз

- Барлық қызметкерлер арасында әйелдердің үлесі 30% құрайды
- Әйелдердің 40% барлық басшы лауазымдарды атқарады
- Әйелдердің 39% төменгі буынның басшы лауазымдарын атқарады
- Әйелдердің 38% атқарушы басшы лауазымдарды атқарады
- Әйелдердің 36% 30 жасқа толмаған қызметкерлерді құрайды
- Басшылардың арасында әйелдердің 46% 30 жасқа толмаған
- Әйелдердің 18% STEM-де лауазымдарды атқарады
- Әйелдердің 31% кіріс әкелетін лауазымдарды атқарады
- Әйелдердің 32% персоналды қабылдауға қатысады
- Әйелдердің 9% Директорлар кеңесінің құрамына кіреді

### мүдделі тараптардың пікірі



Гурбет Йылмаз  
Негізгі клиенттерге  
сату жөніндегі  
супервайзер

Екі жыл бұрын мен өз жолымды Кадыкөйде сатулар кеңсесінде сауда өкілі-жалғыз әйел ретінде бастадым. Бүгінде мен Anadolu Efes компаниясында негізгі клиенттерге сатулар жөніндегі супервайзер лауазымын мақтанышпен атқарамын. Осы уақыт ішінде сатулар бөлімі қызметкерлерінің арасында әйелдердің үлесі 33%-ға дейін өсті. Осындай қарқынды өсу біздің басшыларымыздың дәстүрлі түрде ерлер басым болатын салада әйелдердің табысқа қол жеткізе алатынына сенімін дәлелдейді. Біз 2030 жылға қарай компаниямызда әйелдердің саны 51% болу - мақсатымызға қарыштап келе жатырмыз.

Бұдан басқа, біз жас дарындарға кәсіпте жыныс жоқ екенін және де Anadolu Efes қызметкер әйелдерінің барлық ұмтылыстарына қол жеткізе алатынын көрсететін «MT сатулардағы әйелдер» бағдарламасын алғаш рет іске қостық. Anadolu Efes сияқты, біз тең еңбек жағдайларын және бірдей еңбек үшін бірдей ақы төлеу саясатын қамтамасыз етіп, секторымызда көшбасшылық позицияларға бейілділікті сақтаймыз.



## Жыныстар теңдігі

Біз мұны стратегиямызбен арақатынасын қалай белгілейміз?

2030 жылға қарай қызметкерлер арасында әйелдердің қатысуын 51%-ға дейін арттыру мақсатымызға сәйкес біз нақты жобаларды әзірлейміз, көрсеткіштерімізді үнемі бақылаймыз және осы игі мақсаттың бізбен әзірленетін саясаттың көмегімен Anadolu Efes компаниясының персоналды басқаруға тәсілдеменің ажыратылмас бөлігі болып қалуын қадағалаймыз. Теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясатын ұстанып, біз жынысқа қарамастан, жұмысқа қабылдауды оқытуды, өтемақыны, мансапты және жеңілдіктерді қоса алғанда, қызметкерлеріміздің барлық кадрлық процестерге қатысуға тең мүмкіндіктерді ұсынамыз.

Біз әйелдердің жұмыспен қамтылуын қолдау үшін барлық қызметкерлердің арасында әйелдердің үлесі, басшылық лауазымдарда әйелдердің үлесі, жаңа қызметкерлердің арасында әйелдердің үлесі, сонымен қатар басшылық лауазымдарды атқаратын, 30 жасқа дейінгі жас әйелдердің үлесі сияқты әртүрлі көрсеткіштердің көмегімен осы саладағы нәтижелерімізді қадағалаймыз. 2023 жыл жағдайы бойынша біз штатта әйелдердің қатысуын 30% деңгейінде сақтаймыз. Біз 2030 жылға арналған мақсатымызға қол жеткізу үшін күш салуды жалғастырамыз.

Директорлар кеңесінде гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін бізбен жасалған маңызды қадамдардың бірі мақсаты - 2030 жылға қарай әйелдердің қатысуын кемінде 30% деңгейінде қамтамасыз ету болатын «Директорлар кеңесіндегі теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясаты» болып табылады.

—Қызметкерлердің экожүйесінде әйелдердің қатысуы

	2022		2023	
	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ	ҚАТЫСУЫ	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ	ҚАТЫСУЫ
Барлық қызметкерлер	2 521	30%	2 492	30%
Кіріс әкелетін лауазымдар	379	32%	385	31%
Сатулар бойынша операциялар	338	22%	330	21%
STEM-дегі лауазымдар	71	24%	53	18%
Өндірістік қуаттылықтар	780	17%	807	18%
Барлық басшылық лауазымдар	284	32%	972	40%
Атқарушы басшылық лауазымдары (CEO-2)	174	36%	186	38%

Біз мүшелік процестерін Директорлар кеңесіндегі әртүрлілік тұрақты табысқа әкелетін шешімдерді әзірлеуде, қабылдауда және стратегияларды іске асыруда максималды тиімділікті қамтамасыз ететінін түсіне отырып басқарамыз. Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсынуға және мүшелікке қатысты, біз жас мөлшері, тіл, нәсіл, әлеуметтік-экономикалық жағдай, кәсіби және салалық тиесілілік, географиялық тәжірибе, тәжірибе, жыныс, еңбек өтілі, этникалық тиесілілік, сондай-ақ ойлау әртүрлілігі көзқарасынан пропорционалды әртүрлілікке ұмтыламыз. Осыған байланысты іріктеу процесінде біз білімдері, тәжірибесі және құзыреттілігі тұрғысынан баламалы біліктілігі бар кандидаттардың алдында әйел кандидаттарға артықшылық беруге міндеттіміз.

**2023 жыл жағдайы бойынша біз әйел қызметкерлеріміздің санын 30% деңгейінде сақтаймыз.**



## 2023 жылдың негізгі оқиғалары

## Кәсіпте жыныс жоқ

- Жобаға шоғырландырылған саяхат
- 2 жыл үздіксіз жұмыс

Грузияда біз дәстүрлі түрде ерлер басым болатын салаларда әйелдерді тартуға бағытталған «Кәсіпте жыныс жоқ» атты жобаны іске асыруды және ауылдық аудандарда жұмыспен қамтуға қолдауды жалғастырамыз. Жоба әйелдерді құю операторлары сияқты лауазымдарға қабылдауға, сондай-ақ әйелдердің жеткізулер тізбегінің бөлімінде қатысуын арттыруға бағытталған. 2023 жылы біз осы бастамаға 175 000-нан түрік лирасын инвестицияладық.

Гендерлік теңдік мәселелері  
бойынша оқыту

- Жобаға шоғырландырылған саяхат
- 2 жыл үздіксіз жұмыс

2020 жылға дейінгі кезеңде біздің мақсаттарымызды, сонымен қатар ұйымда гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және кемсітушілікті болдырмау бойынша стратегияны іске асыру шеңберінде биылғы жылы біз маңызды қадам жасадық. Біз InBev Efes бөлімшелерінде және Түркияда қызметкерлеріміз үшін гендерлік теңдік бойынша тренинг ұйымдастырдық. Жалпы алғанда 471 қызметкер ұзақтығы 957 сағат оқытудан өтті. Біздің мақсатымыз - әрбір тренингте қызметкерлердің түрлі топтарын олар гендерлік теңдікті ілгері жылжыту үшін қандай қадамдарды жасай алатыны жайлы білім береміз.

## Бірдей еңбекке бірдей ақы

- Жобаға шоғырландырылған саяхат
- 3 жыл үздіксіз жұмыс

- Жобаларды іске асыруға бағдарланған ынтымақтастық бойынша серіктестер
- Bureau Veritas

Біз еңбекақы төлеу мәселелерінде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету біздің тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудегі ұмтылысымыздың ең маңызды құраушысы болып табылады деп санаймыз. Біз орташа және медианалық мәндерді пайдалана отырып, ақы төлеуде гендерлік теңдік саласындағы нәтижелерімізді үнемі бағалаймыз. Біз сондай-ақ біздің ақы төлеу саясатымызда гендерлік кемсітушіліктің болмауын көз жеткізу үшін тәуелсіз тексерулерді жүргіземіз. 2023 жылы біздің бағалауымыз қызметкерлеріміздің - ерлер мен әйелдердің еңбекақысын төлеуде 100-пайыздық теңдікті көрсетті. Біз тәуелсіз сарапшылардың компаниямызда еңбекақы төлеуде гендерлік теңсіздіктің жоқ екенін растағанына мақтан тұтамыз.

## Болашақ назар аудару салалары

Біз Anadolu Efes барлық ұйымдарында әртүрлілікті, теңдікті және инклюзивтілікті ынталандыруға бағытталған түрлі жобаларды дамытуды жалғастырамыз. Таяуда біз Anadolu Efes-те әйелдердің табыстылығын қолдау, дамыту және арттыру үшін, PUB-W аталатын әйелдер желісін іске қосамыз. Осы бастаманың арқасында біз бүкіл ұйымды әртүрлі пайдалы іс-әрекеттермен жасақтайтын институтты құруға ұмтыламыз. Осы жобаның қолдауымен біз географияға, лауазымға немесе деңгейге қарамастан, болашақ ұрпақты шабыттандыратын, үлгі болуға арналған айқын әйел бейнелерін жасауға шоғырланамыз. PUB-W бірінші кезекте әйелдерге бағдарланса да, мақсаты әрбір қызметкердің инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосу және осы және кейінгі бастамалардың көмегімен позитивті өзгерістерді жүзеге асыруға себептесу болып табылады.

2023 жылы біздің бағалауымыз қызметкерлеріміздің – ерлер мен әйелдердің 100-пайыздық теңдігін көрсетті.



## Жастардың еңбек қызметіне қатысуы

### Біз мұның стратегиямызбен арақатынасын қалай белгілейміз?

Жастар компанияға дамуға және жаңа дағдыларды алуға көмектесе отырып, жұмыс орындарында өз дағдыларын, энтузиазмын және инновациялық идеяларын әкеледі. Теңдікті, әртүрлілікті және инклюзивтілікті қамтамасыз ету бойынша қызметіміздің тағы бір басым бағытына - жастардың жұмыспен қамтылуына ерекше назар аударып, біз жұмыс ортасын жақсартып, оны бұдан да инновациялық, әртүрлі және инклюзивті етеміз. Біз кәсіпорындарымызда әзірленген жобаларға, ынтымақтастыққа, сонымен қатар біздің жас қызметкерлеріміздің өсуіне бағытталған көшбасшылық және даму бағдарламалары арқасында осы бағытта елеулі қадамдар жасаймыз. Біз тиімділік көрсеткіштерінің көмегімен қызметкерлердің экожүйесінде және шешімдерді қабылдаумен байланысты лауазымдарда жастардың қатысуын қадағалаймыз.


Өткен жылмен салыстырғанда, біз қызметкерлердің экожүйемізде 30 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесін 18%-ға дейін жеткізіп, олардың үлесін көбейттік. Біз сондай-ақ басшылық лауазымдарда жастардың болуын мұқият қадағалаймыз: 2023 жылы олардың басшылық лауазымдарда қатысуы 11 %-ға дейін артты, ал ол өткен жылмен салыстырғанда тағы бір жақсарту болды.

Біз жастарды жұмыспен қамтуға қатарларымызға жас дарындарды тартуға бағытталған жобаларымызды іске асыру ретінде үлкен мән береміз. Биылғы жылы жұмысқа қабылданған 1 043 қызметкерден 46 % 30 жасқа дейінгі жастар құрады. Түркиядағы және Қазақстандағы біздің операцияларымызда біз осы көрсеткішті 50%-дан астам көбейттік.




→ Қызметкерлердің демографиясы

■ 30 жастан асқан  
қызметкерлер  
■ 30 жасқа толмаған  
қызметкерлер



→ Жұмыспен қамтылу туралы демографиялық деректер

■ 30 жастан асқан  
қызметкерлер  
■ 30 жасқа толмаған  
қызметкерлер





## 2023 жылдың негізгі оқиғалары

## «Болашақ» жобасы



## Жобаға шоғырландырылған саяхат

- Жобаның басталуынан бері жұмысқа 221 тағылымгер және 46 басқарма тағылымгер (MT) қабылданды.
- Тағылымгер немесе MT ретінде бағдарламаға қосылған 43 жас қызметкер тұрақты лауазымдарға ауысты.

Университеттің студенттеріне кәсіби білімдер мен практикалық тәжірибе беруге шақырылған «Болашақ» жобасы» ретінде белгілі, тағылымдаманың және басқарма тағылымдаманың (MT) ұзақ мерзімді бағдарламасы арқылы біз жастардың мансап құру басында оларға құнды мүмкіндіктерді ұсынуға тырысамыз. Түркияда компаниямызда біз тағылымгерлерге және MT-ға жұмыс орнында оқыту, онлайн-тренингтер және контент арқылы өздерінің шығармашылық қабілеттіктерін және білуге құмарлығын пайдалануға мүмкіндік беріп, бағдарламаны толықтай цифрлық, инновациялық, әркелкі және инклюзивті жұмыс ортасында жалғастырдық.

«Болашақ» жобасы шеңберінде біз Anadolu Efes компаниясын жас дарындар арасындағы үздік жұмыс беруші етуге және мұқият іріктеу процесі арқылы үздік дарындарды жұмысқа жалдауға ұмтыламыз.

Біз әрбір бөлім үшін қажетті жас дарындарды табуға және MT бағдарламалары бойынша жұмысқа жалдаған келісімшарттық қызметкерлерді штаттық қызметкерлерге түрлендіру үшін қажетті жас дарындарды табуға тырысамыз. 2023 жылы біз бұл бағдарламаға Ыстамбұлда, Измирде, Анкарада, Аданада және Коньяда 75 тағылымгерді және 24 MT қостық. 17 тағылымгер алты айлық тағылымдамадан кейін MT ретінде «Болашақ» жобасында өз жолын жалғастырды. Бағдарлама аяқталған соң он жас адам, бес тағылымгер және бес MT толық мөлшерлемеге жұмысқа қабылданды.

Биылғы жылы «Болашақ» жобасы шеңберінде біз Қазақстандағы кәсіпорындарымызда жаңа тәжірибені енгіздік. «Болашақ» жобасы шеңберінде конкурсқа қатысатын жас дарындар екі шынайы бизнес-кейсті шешуге тырысты. 30 қатысушыдан және 11 командадан тұратын «Болашақ» жобасы конкурсының үш жеңімпаз командасы Ыстамбұлдағы біздің басты кеңсемізге, Измирдегі инновациялық орталығымызға баруға, сонымен қатар біздің бас директорымызбен кездесуге мүмкіндік алды.

## ANADOLU EFES-та БІР КҮН

Біз биылғы жылы Түркияда іске қосқан «Anadolu Efes-та бір күн» бағдарламасы шеңберінде, біз университет студенттеріне кеңсе, сыра ашытатын орын немесе дала болсын, Anadolu Efes түрлі бөлімдерінде жұмыс істеуге мүмкіндік береміз. Биылғы жылы біз тоғыз қаладағы университет студенттеріне Efes қызметкерлері ретінде бір күн өткізуге мүмкіндік бердік.

Біз кеңсенің кадрлар, маркетинг және қаржы бөлімдеріне арналған тақырыптық зерттеулерді, өндіріс процесі бақылау үшін сыра ашытатын орындарға баруды, сонымен қатар операциялық қызметпен таныс үшін сатулар бөлімімен көшпелі іс-шараларды ұйымдастырдық. Біз іс-шараларға қатысу үшін 3 200-нан астам өтінім алдық және 250 қатысушыға бағдарламаны сынап көруге мүмкіндік бердік. Бағдарламаға қатысқан студенттер Anadolu Efes қызметімен егжей-тегжейлі танысуға мүмкіндік алды, ал 22 студент компанияда тағылымдамадан өтті.

## ҚОС БІЛІМ АЛУ

Қос білім алу бағдарламасы арқасында Молдовада біз университеттік білім алуды жұмыс орнында тәжірибелік дағдылармен үйлестіріп, жас дарындарды дамытуға себептесеміз. Осы бағдарлама арқасында біз мемлекеттік сектормен мақұлданған осы жаңа білім алу моделін Молдовада қолдайтын алғашқы компаниялардың бірі болдық. Бағдарламаның 36 жас қатысушысының алтауы жұмысқа орналастырылды.

## Қызметтің болашақ бағыттары

2024 жылы біз 0-ден 1 жылға дейінгі жұмыс өтілін талап ететін, жаңа түлектерге арналған кадрлық резервті қалыптастыруды жалғастырамыз. MT Project Future ұзақ мерзімді тағылымдаманың және бағдарламаның бесінші жылы біз шамамен 75 тағылымгерді және MT-ны қабылдауға және де барлық қатысып жатқан студенттер мен түлектерге шаттыққа, қызыққа және даму үшін мүмкіндіктерге толы шынайы жұмыс тәжірибесін ұсынуды жоспарлаймыз. Біз 2023 жылы іске қосқан «Efes-те бір күн» жобасын іске қосуды жалғастырамыз. Жоба біз түрлі өңірлерде әлі қамтуға үлгермеген университеттердің студенттеріне бағытталған. Бұдан басқа, біз сатулар және өндіріс саласында «көк жағалылы» әйелдердің жұмыспен қамтылуын арттыру үшін, орындарда MT әйелдердің біліктілігін арттыру және әйелдерді жұмысқа орналастыру сияқты бағдарламалармен жұмыс істеймі. Біз сондай-ақ орындарда сатулар жөніндегі мамандарымызды және техникалық мамандарымызды қолдау үшін, сатулар мектебі және техникалық мектеп жобаларын әзірлеп жатырмыз.



# Персоналды дамыту және басқару

